

С. Торайғыров атындағы Павлодар
мемлекеттік университетінің газеті



www.psu.kz

БІЛІК

№ 9 (143)

25 тамыз, ұлу жылы 2012

ҒАЛЫМ ОЙЫ



Айбек АҚАЕВ,
магистр, ПМУ доценті

АУДАРЫЛМАҒАН ТЕРМИНДЕР ӘЛІ КӨП

терминдер аударусыз қалуда. Мәселен, басқа мамандықтар бойынша аударылмаған терминдерді сол саланың мамандары, ғылым докторлары жиналып, арнайы телебағдарламаларда өз ойларын талқыға салып, ортақ бір шешімге келіп жатады.

Энергетика саласында да осы күнге дейін қазақ тіліне аударылмаған терминдер көптеп кездеседі. Өз басым қазақ топтарына энергетика мамандығы бойынша арнайы пәндерден мемлекеттік тілде дәріс оқығандықтан, осындай терминдерге жиі кездесіп отырамын. Мысалы «рымовидный», «отстройка», «орган» және т.б терминдерді қанша аударайын десем де ешбір сөздіктен балама аудармасын таба алмадым. Жақында бір бітіруші студенттің дипломдық жобасын қарастырып отырып «ненормальный режим» дегенді «есуас тәртіп» деп аударғанын көріп ескерту жасадым. Себебі студенттердің көбі мемлекеттік тілде әдебиеттердің жетіспеушілігіне байланысты ма, әлде уақыттың жетіспеушілігінен бе әйтеуір жұмыстарын компьютерлік бағдарламада аударарды.

Мемлекеттік тілдегі әдебиеттердің жетіспеушілігі әсіресе студенттердің курстық және дипломдық жобаларын орындау барысында туындайды. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында энергетика факультетінің оқытушыларымен бірігіп 2010 жылы энергетика сериясы бойынша орысша – қазақша түсіндірме сөздік шығарылды. Осы орайда университетіміздің көрсетіп отырған қолдауын атап айтқан жөн. Себебі бұл сөздік университеттің қаржыландыруымен баспаға шығарылды, басқа салалар сериясы бойынша да сөздіктер шығарылуда.

Алдағы оқу жылында «Жоғары кернеудегі айналымы тоқтың ажыратқыштары мен айырғыштары бойынша анықтамалық материалдар» атты электрэнергетика мамандығының студенттеріне арналған курстық және дипломдық жоба бойынша әдістемелік құралды баспаға дайындап шығаруды көздеп отырмыз.

Бұдан бұрын электрэнергетикалық мамандықтар тәлімгерлері үшін «Электрлік станциялар мен қосалқы станциялар» пәні бойынша зертханалық жұмыстар жинағы, 2006 ж., «Кернеуі 1000 в дейінгі аппараттар: зертханалық жұмыстар жинағы», 2008 ж., «Электр станцияларын жобалау» оқу-әдістемелік құралы, 2011 ж. жарық көрген болатын.



3 бетте

АЗАТТЫҚТЫҢ
КЕПІЛІ

ЭНЕРГЕТИКА –
ЕРЕН ҚУАТ



6 бетте



7 бетте

ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАҢҒЫРУДЫҢ
БАСТАУЫ –
ИННОВАЦИЯ

ОЛИМПИАДА-2012



12 бетте

Жаңалықтар желісі

○ РЕДАКТОР МІНБЕРІ

Қытайлықтар Конфуций ілімімен өмір сүреді. Ал біз ше?

Күншығыс елі жас өрендеріне жапонның 100 фольклорын жаттатады екен. Содан жапондық кәсіпкер мен заңгер, министр мен қарапайым жұмысшыға дейін жапон тарихына, әдебиетіне, фольклорын ұйқыдан оятқан сәтте де жатқа айтатын көрінеді.

Ал аспан асты елінің әрбір тұлғасы Конфуций ілімімен өмір қағидасын өреді. Қытайлықтар тіптен, тамақтанса да, киім кесе де Конфуцийлік ілімге сүйенуді әдетке айналдырған. Олар басқа елде нәпақа тауып жүрсе де, өмірін Конфуций іліміне негіздеп, нәтижесінде тұрған жерлерін қытайлық қалашықтарға айналдыру үрдісі бар. Сондықтан да, қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер қытай азаматтарын қабылдаудан бас тартуда.

Осы жерде, «біздің қоғам мүшелері қандай идеология принципінде өмір сүруде?», – деген сауал еріксіз ойыңа келеді. Бұл сұрақтың жауабы қиындау. Қиын деуіміздің төркінінде белгілі бір (ұлттық) құндылық идеологиясының төңірегінде өмір сүріп жатқандар жоқтың қасы. Мәселен, кәсіпкер не заңгерлерден «Кенесары көтерілісі жайлы немесе Қобыланды батыр жырын, я болмаса Абайдың қара сөздерінің мәнін сұрасаңыз», барда тарихшыдан не болмаса әдебиетшіден сұра дейді. Әлгі заңгер, кәсіпкер қазақ, бірақ қазаққа қатысы бар руханиятты білуге құлықты емес. Неге? Себебі, ол еңбек етіп жатқан саласында мол қаржы тапса болғаны, қалғаны маңызды емес.

Осы жерде неге біз Абайды өмір сүру құндылығына айналдырмасқа? Өйткені, Хакім Абай қазаққа қажетті барлық нәрсені айтып, мол рухани қазына қалдырған ғой. Оның үстіне солтүстіктегі көршілер кемеңгер ақынды ұлықтап жатқанда бізге де Абайша өмір сүрген жөн емес пе?

Бұл жайында мәдениет қайраткері Бекболат Тілеуханнан артық сөз өрнек құра алмаспыз. Б.Тілеухан: «...Бірде қазақы тойда тілек алған сөзге шорқақтау бір ағамыз: «той десе қу бас домалайды деп» Абай атам айтпақшы» деп салды. Яғни ұтымды айтылған сөзді қазақ оп-оңай Абайға тели салады. Неге? «Әсем ән мен тәтті күй» деп өнерімізге мақтансақ, «сұлу сүйемектік – пайғамбар сүннеті» деп боз-бала ақталады.

Абайға сүйенсек, ел бірлігінің ескіrmес ережесін де сол кісіден табамыз. Қаралы жиын «өлім барда қорлық жоқ» деп жұбанады. Неге? Өлсіз тұсымызды бетке басқан жау да, дос та Абайдан қозғайды. «Баста миға» талас қылған» зымиян да жымысқы ойына Абайды қару етпек. Неге? Абай мұрасына зер салған, қадіріне бойлаған ұрпақ осындай сансыз сауалдарға жауап іздеумен жанына азық, ойына маржан табады. Қайырылып сөзді ұққанның көкірегіне нұр құяды ол. Данасының бағасын таныған халық кемеңгерін айырықша әспеттейді, атын аялайды, тағы да үңіледі. Үңілген сайын тылсымына тартып, тұңғыықтана түседі, тереңдей береді. Қалың қатпарынан қатпар шығады, тағы да тың қазына табылады! Қазынасынан ой береке тауып, рухың бөгер алады», – деп данышпанның ұлылығына тамсанады.

Демек, ұлттық құндылығымыздың арқауы болатын Абай мұрасын игілігімізге айналдыру уақыт ұттырмас шара. Олай деуімізге негіз бар. Ресейде Абайды ұлықтап, ақын мұрасын бірнеше рет баспадан шығарып жатқанда, неге Мәскеу төрінен Абайтану институты немесе орталығын ашпасқа. Неге біз осы, Еуропадан керексіз нәрсенің бәрін көшіргенде, Қытай секілді Конфуций институттарын ашуды үлгі етпейміз (Өлемнің көптеген елдерінде Қытайдың Конфуций орталықтары жұмыс жасауда. авт.). Ресей арқылы неге Кәрі құрлыққа, керек болса күллі жаһанға Абайды насихаттап, қазақтың даналық қырын танытпасқа. Егерде уақыт ағымымен санассақ, дәл қазір мүмкіндіктер көп.

Әлде, Абай айтатын «надан» қазақты сую мүмкін бе өзі?.. Жо, жо, жоқ. Жүз жерден тырыссаңыз да, мұндай қазақты сіз шын жүрегіңізбен сүйе алмайсыз. Мұндай қазақты сүйсеңіз, күндердің-күнінде сіз де сол хайуандыққа бет алған азын тобырдың арасынан табыласыз, дегені ақиқат па.

Абайдың бұл ойына көпшілік келісе қоймас. Ендеше оны ісімізбен, жүрегімізбен дәлелдеп көрейік, ағайын!

МЕЖДУНАРОДНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ

15 специальностей ПГУ им.С.Торайгырова прошли международную аккредитацию независимого российского профессионального агентства АККОРК.

19 июля 2012 года на основании решения Аккредитационного совета российского Агентства по общественному контролю качества образования и развития карьеры АККОРК, получили полную общественно-профессиональную аккредитацию 15 образовательных программ ПГУ им.С.Торайгырова, среди которых программы бакалавриата, магистратуры и докторантуры по специальности «Биология», программы бакалавриата и магистратуры по специальностям «Экология», «География», «Химическая технология неорганических веществ», «Химическая технология органических веществ», «Математика» и «Физика».

Аккредитация агентства АККОРК, являющегося аффилированным членом Европейской ассоциации гарантий качества в высшем образовании (ENQA), действует в течение 5 лет.

Руфина ТОРПИЩЕВА

БОРЛЫ 4: УНИКАЛЬНЫЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПАМЯТНИК

Центром археологических исследований Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова начато изучение нового уникального памятника археологии – поселения эпохи неолита и энеолита (IV – нач. III тыс. лет до н.э.), расположенного на озере Борлы в Лебяжинском районе Павлодарской области.

Работы, в которых принимают участие сотрудники Центра археологических исследований ПГУ, учащиеся павлодарских школ и волонтеры, проводятся по проекту прикладных исследований МОН РК (тема: «Культурно-хозяйственные комплексы эпохи неолита-энеолита поселения Борлы 4»). Площадь раскопа составляет около 100 кв. м., в процессе исследования применяется метод сплошной зачистки с последующим просеиванием грунта. Пройдены слои эпохи бронзы и энеолита до глубины более полуметра, разобраны скопления костей, керамики, каменных орудий, четыре очажных пятна, из которых отобраны образцы грунта для проведения анализов по обнаружению зерен злаков. Выявлена поверхность жилищной впадины, заполненной костями животных и артефактами эпохи энеолита, по контуру которой ведется вскрытие. Также обнаружены еще два жилища, выходящие за пределы раскопа, их исследование будет проводиться в будущем году. Собранный коллекция артефактов уже составляет несколько тысяч предметов, частичная обработка которых проводится в полевых условиях.

Памятники подобного типа на территории Казахстана ранее изучались только в Кокчетавской и Кустанайской областях. Кроме того, в процессе исследований ученым удалось обнаружить новые материалы, которые на территории Казахстана ранее не встречались. Возмож-

но, это поселение совершенно новой археологической культуры эпохи энеолита.

Важно придать этому объекту статус государственного археолого-экологического заповедника, так как он расположен в уникальной экологической нише и занимает довольно большую площадь, где расположены памятники различных эпох от неолита до средневековья.

Виктор МЕРЦ,
директор объединенного научно-исследовательского археологического центра им. А.Х.Маргулана, кандидат исторических наук, доцент



ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ

Балалар әдебиеті неге жазылмайды? Болашақты ойлайтын ұлт бірінші кезекте балалар әдебиеті мен оқулығына және мультипликациясына көңіл бөлмей ме? Міне, бүгінгі қоғамның көтеріп жүрген басты мәселелерінің бірі осы. Осындай сауалдардың төңірегінде бас қатырып жүргенде, «Brand Print» баспаханасының «Парасат» баспа бөлімі «Ортеке: балаларға арналған әдебиеттер топтамасы» атты оқулықтарды көпшілікке ұсынды.

Әдебиеттер топтамасының тұсау кесері 7 тамызда С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өтті. Рухани шараға ғалымдар мен жастар қатысып, баспадан шыққан әдебиеттерге өз бағаларын беріп, ойларын ортаға салды.

Шарада алғы сөз алған университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Роза Жұмабайқызы: «Өз басым аталмыш құнды да құнарлы туындылар жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отансүйгіштікке және т.б. ізгі мұраттарға баулитынына сенемін», – деп ой түйді.

Келесі сөз алған педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ғалиябану Махметқызы қуанышын жасыра алмай, баспагерлерге, авторларға алғысын айтты.

«Парасат» баспа бөлімінің редакторы Әйгерім Пішенбайқызының айтуынша, алғашқы топтамаға 11 кітап еніп отыр. Оның ішінде М.Кененбаева-

ның 3-4 және 5-7 жастағы балаларға арналған «Математика», М.Шакарманованың «Әдептілік әліппесі», «Ата насихаты», «Тапқышбек», «Мұрагер», «Тілашар», Н. Дүкенбайдың «Музыка» оқулықтары бар.

М. Кененбаеваның 5-7 жастағы балаларға арналған математика еңбегінде 1 санынан 10-ға дейін әр цифрдің мәнін ашатын суреттер, логикалық сұрақтар үйлесімді берілген екен. Ал, М. Шакарманованың «Әдептілік әліппесінде» мектепке дейінгі балғындар дүниетанымы, көзқарасы мен ойлау қабілетін ұштайтын әртүрлі танымдық өңгімелер жарық көрген.

Өңірімізге белгілі композитор Н.Дүкенбайдың «Музыка» балаларға арналған әндер туындысына жергілікті ақындардың өлеңдеріне музыкасы жазылып берілген екен. Мәселен, С.Баязиттің «Мен мектепке барамын», Қ.Смағұлдың «Өнерпаз баламыз», М.Жаманбаиновтың «Шебер бала» және т.б. нота-сымен және өлеңнің мағынасын ашатын суреттермен өрнектелген. Алдағы уақытта бұл кітап музыкасы (нотасы) түсірілген сиди дискілермен сатылымға қойылатын болады.

Аталмыш әдебиеттердің мазмұнын аша-тындай суреттермен әрлеген көркемдеуші-суретшілері М. Омарова, К. Дарьянова, Н. Геннеберг, Л. Ульданова, О. Данильчук.

Мұқанның (Өуезов) «Ел боламын десен, бесігіңді түзе», – деген ұлағатының бойына қан жүгіргендей. Осындай игі істер қолға мықтап алынса жаһандану заманында жас ұрпақ рухани бәсекелестікке төтеп берері хақ.

Абай АЙТЖАН



АЗАТТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет пен адам құқықтарына шынайы кепілдіктер берген еліміздің басты құжаты. Мемлекетіміздің негізгі Заңы Қазақстанның «іргетасы», қоғам мен мемлекеттің келісім негізі. ҚР Конституциясы біз құрған демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адамның және оның өмірі, бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуінің бірген-бір кепілі.

Қазақстан өз тәуелсіздігін ресми түрде бұрынғы кеңестік республикалар арасында ең соңынан, 1991 жылы, 16 желтоқсан күні жариялаған ел. Егемен ел үшін өткеннің тәжірибесімен санасатын, бүгінгі шындықпен келісетін және ертеңгі күнге сеніммен бағыт беретін Негізгі Заң қажеттілігі туындады. Конституциялық комиссияның қажырлы да ұзақ еңбегінің нәтижесінде 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі жариялы түрде дауыс беру арқылы түгелге жуық көпшілікпен Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясын қабылданды. Уақыт өте келе бұл Негізгі Заң өзінің әлсіз тұстарын көрсете бастады. 1995 жылы 30 тамызда Президентіміздің жарлығына сай Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. 89,14% сайлаушылардың қолдауымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

Қолданыстағы Конституцияда мемлекет адам құқықтарына шынайы кепілдіктер берген. Олар: әрбір азаматтың еңбек ету және кәсіпкерлікпен айналысу еркіндігі; заң бойынша мөлшермен тегін медициналық көмек алуға; тегін орта білім алуға; діни – сенім бостандығы; конкурстық негізде ақысыз жоғары білім алуға; әлеуметтік қамсыздандыру. Бүгінде осы конституциялық негіздер әрбір Қазақстан азаматының өмірінен берік орын алды. Қазіргі қолданыстағы Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітіп, еліміздің азаматтарының құқық алдындағы теңдігін қамтамасыз етті. Бұл принциптер мемлекетіміздің экономикалық – әлеуметтік дамуына, іргесі мықты, азат ел құруға негіз болды. Тереземіз тең, босағамыз кең, шаңырағымыз берік, еңсеміз биік азат ел атандық бүгінде.

Тарих беттерінен еліміздің конституциялық тарихы ертеректе жатқанын байқауға болады.

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» халықтың әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған конституциялық құжат болғаны тарихтан белгілі. Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының территориясы біріктіріліп, хандық билік сол территорияға тарап, биліктің рөлі арта бастады. Сол себепті де, қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайында ел ішіндегі бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмеді. Қасым хан өз жарғысының негізін халқының ежелден келе жатқан әдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып, сол заманның талабына сай жарғыны жаңа үнмен жаңғыртты. Тіпті, шариғат қағидасын берік ұстанған отырықшы аудандар да Қасым ханның қазылық билігіне жүгінді. Мәселен, жеті атаға дейін үйленбеу, әмеңгерлік, құдалық жол-жоралғылар, қазылық билік.



ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ

Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалған әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған заңдық жарғы жарияланды. Бұл заңдық құжатты Есім хан мен оның кеңесшілері өңдеп, толықтырылған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолының» бір нұсқасы ретінде қарастырған жөн. Есім салған ескі жолда қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туатын даулардың шешімдері сараланды. Мұның өзі кейініректе Тәуке ханның «Жеті жарғысына» негіз болады, және қазақ халқының мәдени-рухани, салт-дәстүр қалыптарының болашақ ұрпаққа мирас болып бүгінге дейін жетуіне себепші болды.

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ ЖИЫН

Тәуке хан өзінің алдындағы хандардың тұсында қабылданған заңдарын одан әрі жетілдіріп, жаңа заң жүйесін жасады. Ол «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жетеуіне өзгерістер енгізген. Тәуке хан үш жүздің билерін жинап, Төле би, Қазыбек би, Өйтеке билер қатысқан бас қосуда, Күлтөбенің басында «Жеті жарғысын» қабылдады. Онда жер дауы, отбасы, және неке заңы, қылмыс пен құн дауына ұрлық-қарлыққа және күелік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың әдет-ғұрып заңдары орын алған.

Ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлттық санамызды, қазақы болмысымызды жоғалтып алуға аз қалған кездер де болды бізде. Тәуелсіздікпен бірге, ертеректе хандарымыз заң ретінде қабылдаған төл әдетіміз бен дәстүрімізге қол жеткіздік. Бүгінде көнеден жеткен заңдық құжаттардың біразы, қазіргі ұрпақтың күнделікті өмірінен көрініс тапқан тұрмыстық қажеттілік болуда.

ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ТІРЕК ЕТКЕН ЗАҢ

Одан кейініректе алғаш құқықтық жүйе, құқықтық ұғымдарды XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары жариялаған «Алаш» автономиясы құрылған кезде орын алды. Алғашында қазақ құқығының аса маңызды бастауы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әдет-ғұрып, дәстүр болса, алашорданың негізін салушылар «Алаш» бағдарламасының жобасын ұлттық-демократиялық бағыт-

тағы, құқықтық мемлекетті құруды мақсат еткен. «Алаш» партиясының өкілдері нағыз демократтар болды және демократиялық жолмен әрекет етті. Онда: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік нәм сот, ел қорғау, ғылым-білім үйрету, жұмысшы, салық, жер мәселесі жөнінде құқықтық жүйе негіздері қарастырылды. Соның бірнеше қағидаттарына тоқтала кетсек: Жобаның «Мемлекет қалпы» бөлімінде: «Федеративная республикада нәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Нәр қайсысы өз тізгінін алып жүреді», - делінген. Яғни, қазақ автономиясы саяси билігін өз ұлтының еншісінде болғанын қалады. Бұл бөлім мазмұнынан демократиялық идеяларды байқауға болады. Жетінші «Салық» бөлімінде: «Салық мал – ауқат, табысқа қарай: байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен тартылу», - делінген. Ақиқатында, бағдарлама жобасының осы тармағы демократиялық қағида болатын. Ғылым-білім үйрету бөлімінде: білім барша жұрттың игілігі болуға тиіс, деген маңызды қағида бар. Бұл да демократиялық әрі ізгілікті қағида. Дін ісі жөнінде: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең хұқық» деген қағида бүгінгі демократиялық еліміздің саясатына нақ келеді. Алаштың автономия идеясы тар ұлттық мағынада емес, керісінше демократиялық мағынаны қамтыды. Ресей империясы барынша қазақ халқының санасынан тәуелсіз мемлекет құру идеясын біржолата өшіруге тырысты. Қазақ жерінде, қазақ қоғамында, патшалық Ресейдің, одан кейінгі кеңестік үкіметтің XIX ғасырдың басынан XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін түрлі заңдық, нормативтік құжаттары қызмет етті. Ал, XXI ғасырда кешегі қазақ зиялылары аңсаған азат елдің іргесін қалап, демократиялық, зайырлы, құқықтық ел атанды.

Осы күнгі құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекетіміздің Конституциясы – ертеңгі ұрпақ үшін әділдік пен азаттықтың нышаны болып қала берсе деген ниет бар көкейде. Қолданыстағы Негізгі Заңда бекітілген заңдық ережелер мен тұжырымдар мемлекет пен қоғамның дамуына, саяси, экономикалық және әлеуметтік өсуімізге кепіл берді. Мемлекет пен азамат арасындағы көпір – яғни, Еліміздің Конституциясы берік, әділ әрі өміршең болғай!

Жанар ЕЛЕШОВА

ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ХАЛЫҚ?

Марко Поло,

итальян саяхатшысы:

...Олар (қазақтар немесе көшпелілер) бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, кемиус деп атайды, өте дәмді. Қарулары садақ, сөмсер және шоқпар. Садақ атудың нағыз шебері... Қажет болса айшылық жолға ешқандай азықсыз шығады... Қажет болса қару-жарағымен түнді ат үстінде өткізуге бар. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді.

«Книга Марко Поло о разнообразии мира, записания пизанцем Рустикано в 1298 о.р.х»

Иоган Шильтбергер,

көне бавар жауынгері:

Ұлы Татарияда (қазақ даласы) болдым. Олар нан жеп, шарап ішпейді, оның есесіне бие мен түйе сүтін ішеді. Кең жайылымда өздерінің бар байлығын артып алып, қатын-бала, мал-мүлкімен көшіп-қонып жүреді. Олар өз хандарын ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтереді. Жорық кезіндегі азапты тауқыметке сондай көнбіс.

«О великой Татарии»

Петр Паллас,

саяхатшы-неміс ғалымы:

Қазақтар қан төгуге құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлға қайырымды... «Путешествие по разным провинциям Российского государства», 1773-1778

Генрих Клапрот,

қытайтанушы ғалым:

1806 жылдың күзі мен жазында Ертістің жоғары ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде күн сайын қазақтарды кездіттім. Аздап түркі тілін білетіндігім Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме септігін тигізді. Кейірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Қазақ тілі олардың түркі халқы екенін дәлелдейді.

«1825 жыл Париждегі «Азия» журналына француз тілінде жарияланған мақаласынан»

Григорий Потанин,

орыс ғалымы:

Қазақтар еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық-сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думандарды ұнатады. Өртістік өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атақұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға ұқсататын секілді. Афиндықтар түрлі қазақтар жаңалықты өдеттен тыс ұнатады.

Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани қантанымында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналаса болғаны.

«В юрте последнего киргизского царевича»

Юджин Скайлер,

американдық дипломат, ғалым:

Қырғыздар (қазақтар) басқа азиялық халықтарға қарағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін қырғыздарды (қазақтарды) құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шара қалмайды. Орта Азияда тұрған барлық адамдар – қырғыздар (қазақтар) басқа тайпалардан жоғары тұр деген пікір айтады.

namys.kz



○ СҰХБАТ

ШАБЫТ БЕРГЕН БАЯНТАУ

2004 жылдан бері, жайма шуақ жаздың күндерінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Баянаулыдағы «Баянтау» демалыс кешенінде жазғы физикалық мектеп дәстүрлі түрде өтуге.

Жазғы мектеп жайында мағлұмат алу үшін математика кафедрасының профессоры Мейрам Хамитовті әңгімеге тартқан егік.

– Биылғы VI жазғы физикалық мектеп туралы кең мағлұмат бере кетсеңіз?

– Биылғы VI жазғы физикалық мектеп жерлесіміз Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Ж.С. Ержановтың 90 жылдығына арналды. Шараға қатысқан физика, математика және информатикалық технологиялар факультетінің деканы Н.А. Испулов, физика кафедрасының меңгерушісі М.Қ. Жуке-нов, Астана қаласынан келген профессор С.С. Сауытбеков және т.б. ұстаздар дөңгелек үстел басында өз тәжірибелерімен алмасып, физика ғылымның жаңалықтарымен бөлісті. Танымал ғалым Ержановтың ерен еңбектеріне арналған дәрістер оқылды. Оның адамдық қайталанбас қасиеттерін еске алып жатты әріптестері мен шәкірттері.

– Жазғы физикалық мектепті алғаш қанаттандырған, тұсауын кескен адамдар жөнінде айтсаңыз?

– Оқушылардың ғылымға бет бұрып, ғалымдардың өз ойларымен бөлісіп, тәжірибе алмасатын жазғы мектептің негізгі инициаторы С.Торайғыров ПМУ. Ал математика, физика саласындағы жазғы мектептің іргесі қалануына профессор С.Тілеукенов көп атсалысты.

– Биылғы VI жазғы физикалық мектеп жерлесіміз профессор Ж.С. Ержановтың еңбектеріне арналып отыр. Әріптесіңіз жайында бірер сөз...

– Жақан Сүлейменұлы ғылыммен айналысқан әрбір жасқа қамқор бола білді. Ол жүзден астам ғылым кандидаттарын, отыз шақты ғылым докторларын дайындады. Оның шәкірттері оның мағналы кеңестерін өмірлеріне серік етті, өзін үлгі тұтты. Жөкең енді де жақсы шырқайтын.

– Баянның табиғатынан әсер алған боларсыз?

– Баянтау маған шабыт береді. Баянтаудай тамаша жер еш жерде жоқ-ау сірә. Таза ауасы, мөлдір суы, самал желі адамға күш беріп, ісіңе шабыт беретіндей. Баянтау біз үшін аса бір таптырмас ғылым мен білімнің ұясы іспеттес.

– Баянның аясында жүріп түйген ойыңыз қандай?

– С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеттің ұйымдастыруымен өткізіліп отырған бұл жазғы мектеп көптеген жастарымызға тәжірибе, табыстар мен жеңістер алып келді. Әлі де, біздің түлектер осы салада жеңісті, жемісті табыстарға қол жетер деген сенім бар менде. Баянның әсем табиғатының аясында өткен жазғы физикалық мектеп болашақта да жалғасын тауып, берік дәстүрге айналып, өмірі ұзағынан болғай!

– Әңгімеңізге рахмет. Әрбір ісіңізге табиғат шабыт, саулық берсін!

Бетті дайындаған Жанар ЕЛЕШОВА

АРМЫСЫҢ, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛ ЗИЯЛЫСЫ БАРМЫСЫҢ?!

БІЗДЕ ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛАР БАР ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМ ҚАЗАҚТЫҢ ӨТКЕН–КЕТКЕН, ТАРИХЫНАН ДӘЛЕЛ. АЛ, БҮГІНГІ КҮНІ ЗИЯЛЫ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ ҮШІН НЕНДЕЙ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚАЖЕТ? XIX –XX ҒАСЫР БЕЛЕСІНДЕГІ ҰЛТ ЖАНАШЫРЛАРЫ МЕН ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ БҮГІНДЕ ТҰЯҒЫ ҚАЛДЫ МА? ОЛАР КІМДЕР? ЖАЛПЫ КІМДІ ЗИЯЛЫ ДЕЙМІЗ? – ДЕГЕН СҰРАҚТАР ТӨҢІРЕГІНДЕ СӨЗ ӨРБИТСЕК.

1999 жылы Алматыдан шыққан «Қазақ тілі сөздігінде» «зиялы» сөзіне түсініктеме былайша берілген: «зиялы азамат біріншіден, ізетті, әдепті, білімдар екіншіден, оқыған, сауатты азамат». Ұлттың қашанда жанашыры, сүйенер тірегі, сауаты ашық қамқоры болған әрдайым. Оларды халық үлгі тұтқан, олардан қамқорлық күткен, оларға қызыға да қызғана қараған, оларды сынап та, сыбап та алған. Не десек те, олар тарих беттерінде алтын ғаріппен жазулы, сол халықтың есінде, еңбегі ұрпақ игілігінде. «Бүгінде зиялы бар ма?» деген мәселені қоғам жиі талқылау үстінде. Осы сөз төңірегінде тарихи тұлғалардың ой-пікірлерінен үзінді ұсынамыз:

Ахмет Иасауи, Түркістандық ұлы ғұлама:

Білімін дәлелдеген зиялылылар, ғалымдар дініміздің қоғамымыздың шам-шырағы, түнді жарықтандырған Ай сияқты. Олар – хикмет иелері елдің «қыдыры» сияқты.

Мұстафа Шоқай, Алашқайраткері:

Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сауалға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті ауыр. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бар болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі

Манаш Қозыбаев, академик, ғалым:

Ұлт элитасы деп ұлтына сенетін, оның басына түскен қиындыққа, өз мүддесіне жететін, тығырықтан жол тауып, әлемдегі 2000-нан астам ұлт пен ұлыстардың ішінен «қазақ» деген ұлттың өркениеттік орнын тауып қана қоймай, өркениеттік талдаудың даңғыл жолына салып беруге өнерін, білімін, күш-қайратын, ар-намысын жететін, керек кезде ең қымбатты – өмірін беретін ұлт асылдары.

Қабдеш Жұмаділов, Қазақстанның халық жазушысы:

Зиялы қауым бар, бірақ ол бірсаты емес, бір мақсатта емес, жік-жікке

бөлініп кеткен... зиялы біразы сарай маңында, біразы халық ішінде. Бірақ зиялы қауымның шығатын өрісі тар. Сахна жетіспейді. Шығатын бір-екі ғана газет бар. Соның бетінде ғана бірдеңе айтқан боласың... Зиялы қауыммен санасудан кеткен бұл жұрт.

«Зиялы қауым бармысың?!» атты зиялылардың басқосуындағы сөзі

Дулат Исабеков, жазушы-драматург:

Біздің зиялы қауым қазір зиялы болмай қалған. Өзінің ұлттық мүддесіне келгенде көрмеген болып отыра беретін «үндеместік саясатқа» басады. Сондықтан халық өзі ояну керек. Тіл мәселесіне, жер мәселесіне келгенде үндемей қалған адамды азамат деп, зиялы деп атаудың қажеті жоқ.

«Алаш айнасы»

Асылбек Мейірманов, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Зиялы қауым бар да шығар. Алашордашылар кезеңіндегі зиялыларға деген мұқтаждық бүгінде халық үшін байқала қоймас. Себебі, заман басқа, адам да басқа. Дипломды алып жатқан

МҰРАҒАТ БЕТТЕРІНЕН

1926 жылғы Бүкілодақтың санағы бойынша республикада 13825 зиялы болып, Қазақстан халқының 0,2% құрған. Олардың 73,4% ер адамдар, 26,6% әйелдер еді. Зиялылардың 63,8% қалада, 36,2% ауылда тұрған. Ұлттық құрамы мынандай: қазақтар 12,2%, орыстар 65,2%, украиндар 8,4%, басқа ұлт өкілдері 14,2%. Осы жылы **қазақ зиялылары бүкіл халықтың 0,05% құрапты.**

1939 жылғы үшінші бүкілодақтың халық санағының қорытындысында 126871 зиялы болып, республика халқының 2,1% құрайды. Олардың 75,3% ер адамдар, 24,7% әйелдер екен. 49,8% қалалық жерлерді, 50,2% ауылдарда тұрған. Қазақ зиялылары бүкіл республика зиялыларының 28,8% құраған. Оның 92% ер адамдар, 8% әйелдер еді. Олардың қалалық жерлерде 26,2%, 73,8% ауылдарды мекендеген. **Қазақ зиялылары республиканы мекендеген қазақ халқының 1,6% құрған.** Екі санақ аралығында республика зиялылары 9,2% есеге өскен.

1990-1991 оқу жылы Қазақстандағы 55 жоғары оқу орнында 287,4 мың студент оқыған болса, **1999-2000** оқу жылында ЖОО саны 163-ке, ал ондағы оқитындар саны 365,4 мыңға жетті. Әсіресе, ЖОО-да **қазақ студенттердің үлгісі 67% құрайды.**

жұрт екінің бірі, дардай атағы бар ғалымдар да жеткілікті қоғамда. Ал шын «зиялы» халық қиналғанда қасынан табылып, мұңын жоқтап, жоғын жамап, зарына құлақ асып, шерін алып, қара халықтың қоғамдағы өмірін барынша жақсартуға ат салысатын азамат деп білемін. Зиялы адам қоғамдағы әділетсіздіктерді шешіп беруіне дейін бару қажет болар кейде.

Рымбек Қабиден, ақын

Зиялы деп кімді айтамыз? Әрине, халыққа жақын, халық мұңын жоқтайтын өткір тілді, ойы терең парасатты азаматты айтамыз. Ол тек білімді болу шарт емес. Бүгінгі зиялылықтың шарты білімде жатпаса керек. Дегенімен, зиялы азамат білімді болуы қажет. Бірақ зиялылықтың

негізі даналықта, адамдықта, парасаттылықта. Білімділер өте көп. Осы күні адам үшін ақпараттану, білім алу оңай. Сауат ашуға, ақпарат алуға мұқтаж емес халық. Есесіне қоғамның бүгінгі қажеттілігі ел ішіндегі араздасуларда, қоғамдағы әділетсіздіктерді әшкерелеуде, халықтың қарапайым мәселелерін шешуде қол ұшын тигізер қамқор іздеуінде болып отыр. Қамқорлық қаншалықты нәтижелі? Міне осы себепті де зиялының қамқорына мұқтаж емес қарапайым жұрт. Мұқтаж болса да қолынан еш келмейтін зиялыдан көмек сұрауы да нәтижесіз деп есептейтін болар.

КӨНЕНІҢ КӨЗІН КӨРГЕН ЗИЯЛЫ

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне әсер етті. Отаршыл билік қазақ ұлтының мүдделері мен құқықтарын елемей, олардың рухани дамуын тежегені белгілі. Осы тұста, ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы күрделі және ұзақ үрдіс болды. Дегенмен, осы кездерде халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезең болып есептеледі. Кешегінің зиялысы дала мәдениетін бойына сіңірген, алғашқы білімін ескіліктен алған

ұлы даланың даналарынан сусындаған, көненің көзін көрген асыл тұяқ еді. Тарих беттерінде беріліп жүрген, XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ зиялы қауымының қалыптасу кезеңі деп қарастыру жөн бола қоймас. Қалай десек те, білімді, ұлт жанашыры, халық мүддесі үшін өмірін қияр азаматтар қай заманда да болғаны сөзсіз. Кеңестік саясаттың жетелеуімен біз кешегі қазақ зиялылары жайында мәліметсіз қалғанбыз. Алайда, тарихшылардың қажырлы еңбегі басқаша дәйектер келтіруде. Көне қалалар тарихы бізге сол ғасырлар қойнауындағы мәдениеттің парасаты, өркениеттің аса бір көрнекті үлгісін паш етеді. Ең үлкен кітапхана, ең демократияшыл мемлекеттер, ойшыл ғұлама данышпандарымыздың дара еңбектері тарихтан белгілі. Ал, кейінгі Абай, Шоқан, Ыбырайлардың салған сара жолы зиялылықтың кемелі. Алаштың зиялы қайраткерлері Мұстафа, Жүсіпбек, Халелдер осындай ұлы тұлғаларды пір тұтып, үлгіге алған болар өз заманында.

XX ғасырдағы қоғамды сауаттандыру саясатымен білімді азаматтар саны жыл өткен сайын өсе берді. Ал, осы күнгі Қазақстан халқының білімділік индексімен сауаттылық көрсеткіші жоғары деңгейде. Бүгінгі білімді азаматтарымызды немесе қоғам қайраткерлерін зиялы деуге келе ме? Оны өздеріңіз зердеге саларсыз.

В СЕТЯХ

«В ПОСЛЕДНЕЕ ВРЕМЯ Я НАЧАЛ ЗАМЕЧАТЬ ЗА СОБОЙ ТАКУЮ ЗАКОНОМЕРНОСТЬ, КАК ТОЛЬКО У МЕНЯ ПОЯВЛЯЕТСЯ ХОТЬ СКОЛЬКО-НИБУДЬ СВОБОДНОГО ВРЕМЕНИ, Я ТУТ ЖЕ ХОЧУ СЕСТЬ ЗА КОМПЬЮТЕР, ИЛИ ЕСЛИ ЕГО НЕТ ПОБЛИЗОСТИ, ВЗЯТЬ В РУКИ СВОЙ МОБИЛЬНЫЙ ТЕЛЕФОН, КОТОРЫЙ ИМЕЕТ ВОЗМОЖНОСТЬ ВЫХОДА В ИНТЕРНЕТ, ДЛЯ ТОГО ЧТОБЫ ПОСЕТИТЬ ОПРЕДЕЛЁННУЮ СОЦИАЛЬНУЮ СЕТЬ...»

Подобная «исповедь завязного интернетомана» сейчас в Сети — далеко не редкость. Все чаще пользователи Интернета на различных форумах начинают задумываться о том, что их увлечение социальными сетями давно переросло из обычной забавы в нечто более серьезное. В то, без чего нельзя обойтись. И от этого еще тревожней: мерцает синий экран монитора, мелькают на фотографиях лица «френдов», кто-то из них онлайн, кто-то — офлайн, от тех, кто онлайн приходят сообщения, ты отвечаешь, они отвечают тебе, завязывается диалог обо всем сразу и ни о чем в сущности...

А в это время где-то за пределами компьютера — проходит жизнь.

СЕТИ ОКУТЫВАЮТ

Знакомое чувство? По данным специалистов, количество зарегистрированных пользователей социальных сетей с каждым днем увеличивается. Сейчас в социальных сетях состоит не менее 62% пользователей Интернета по всему миру — это более 1,4 миллиарда человек! Из них 500 миллионов посещают свои страницы не менее двух раз в день.

И в принципе, эта тенденция легко объяснима: мы живем в век информационных технологий, в эпоху стремительного развития телекоммуникационных систем, мы свидетели «смерти расстояния», когда каждый из нас без особых проблем может пообщаться с человеком, в какой бы точке земного шара тот не находился. Был бы доступ к Сети. Казалось бы, что плохого в общении — неважно, реальное оно или виртуальное? Однако...

Однако специалисты чрезвычайно взволнованы тем фактом, что многие люди уже в буквальном смысле не могут жить без социальных сетей. Статистические данные показывают: каждый шестой (!) пользователь Интернета является своеобразным «социальным наркоманом». Говоря проще, у такого пользо-

вателя наблюдается постоянная навязчивая потребность в просмотре своих страниц в социальных сетях, общении с виртуальными друзьями, добавлении комментариев, публикации фотографий и прочей подобной деятельности. Если социальный наркоман по какой-то причине лишается доступа к социальным сетям, то у него могут развиваться различные психические расстройства: депрессии, неврозы — вплоть до суицидальных наклонностей.

По данным австралийских ученых, в период с 2007 по 2012 год количество социальных наркоманов увеличилось в 2,5 раза. Их (нас?) уже более 140 миллионов. Попробуйте только представить масштабы. Это — почти в десять раз больше, чем население Казахстана. Это чуть меньше, чем население России.

ТОГО ЛИ ЖДАЛИ?

Социальный наркоман. Наркомания означает — болезненная, разрушающая зависимость от чего-либо. Это заболевание — если не последует своевременного лечения — неизбежно приводит к плачевному результату. Такую ли цель преследовали разработчики популярных социальных сетей — сделать своих пользователей опасно больными, зависимыми от созданного ими продукта?

«Мы стараемся усовершенствовать технологии, которые помогут людям лучше понимать мир, в котором они живут. Мы не стремимся удерживать их на своем сайте как можно дольше. Мы просто пытаемся помочь людям получить полезные сведения и извлечь максимальную пользу из нашей сети», — это слова Марка Цукерберга, разработчика и основателя Facebook, крупнейшей социальной сети в мире.

А вот слова программиста Павла Дурова о своем детище — крупнейшей в русскоязычном Интернете социальной сети «ВКонтакте»: «Проект позволит студентам и выпускникам из самых разных университетов и факультетов всегда

оставаться в контакте. Это технологически изощренная база данных анкет студентов и выпускников, где мы будем объединены на основе мест учебы, дружеских связей, интересов и т.д.»

Помочь людям лучше понимать мир. Извлечь максимальную пользу из сети. Объединиться на основе дружеских связей. Благие цели, не правда ли? Но откуда тогда на новостных порталах берутся такие заголовки: «Школьник повесился из-за социальных сетей». «В самоубийстве школьник виноваты социальные сети». «Социальные сети вводят моду на суицид». «Десантника довели в соцсетях до самоубийства».

Десантника! До самоубийства. Социальные сети.

И таких заголовков с каждым днем все больше.

CONTRA

Радость дружеского общения — и такие ужасные последствия? Как-то не очень вяжется. Может быть дело совсем в другом? Дункан Уотс, социолог из Колумбийского университета, более десяти лет занимающийся изучением феномена популярности социальных сетей, отмечает: «Сегодня все свyksлось с мыслью, что все мы связаны, и это уже не так интересно. Если бы вы спросили меня, почему такие сайты, как Facebook, столь популярны, я бы вам ответил, что причина имеет мало общего с формированием групп по интересам. Это же вуайеризм и эксгибиционизм в чистом виде. Люди любят самовыражаться и полны любопытства в отношении других людей».

Вот в чем дело: нам зачастую не нужен в социальных сетях другой человек, точнее он нам нужен, но только как тот, кто оценит, обратит на нас внимание. Восхититесь нами, хорошими. Как личность другой человек в социальных сетях нам не интересен. Социальный наркоман, таким образом, это крайний эгоцентризм.

И если его не оценили по достоинству, для него это — крах.

«Идиот недоросток не портит мне рейтинг не заходи на мой мир». Это написала 13-летняя девочка лишь потому, что ее фотографии поставили низкую оценку.

С другой стороны, у социального наркомана обнаруживается неумная тяга к виртуальному «подглядыванию». И вот, он бродит по бескрайним просторам социальных сетей в поисках информации «попиканнее». Но и здесь, как нетрудно догадаться, для него другой личности не существует: это всего лишь картинка, «цепляющая» фраза, интересное видео. Поэтому, как не парадоксально, для социального наркомана настоящего общения, открытия для себя в Сети другого человека не происходит. Нет диалога. Есть жизнь только для себя.

Другая опасность социальных сетей — иллюзия жизни, которая в Интернете кажется более интересной и простой, нежели жизнь реальная. Общение в социальных сетях в итоге может привести к замене имеющихся в реальной жизни отношений отношениями виртуальными.

Как определить, имеется ли зависимость от социальных сетей? Следует насторожиться, если у вас появились один или несколько нижеперечисленных признаков.

— Отмечается стойкая навязчивая потребность просматривать свои входящие сообщения. Даже если вы знаете, что вам никто не должен написать, вы заходите на свою страницу.

— Каждый раз, заходя в социальную сеть, вы думаете, что пробудете там лишь пару минут. Однако в итоге оказывается, что прошло уже несколько часов. Вы постоянно просматриваете страницы своих друзей — вдруг кто-то из них обновил информацию.

— Вы чувствуете потребность ежедневно обновлять свой статус, обсуждать с друзьями любые свои действия, фотографироваться в любом удобном и неудобном месте и обновлять свои фотографии. Для вас принципиально важно, сколько людей посетило вашу страницу в течение дня, и какие комментарии они оставили.

— Вы общаетесь с друзьями только через социальную сеть и не помните, когда видели их в последний раз.

— Вы постоянно играете в различные приложения: строите «города», разводите животных на «ферме». Причем это происходит в ущерб обычным повседневным делам. Принципиально важным для вас является переход на более высокий уровень и повышение своего рейтинга.

— Вы приходите в раздражение, если по какой-то причине не можете попасть на свою страничку в социальной сети; при этом вы чувствуете страшную оторванность от внешнего мира.

PRO

И тем не менее, глупо было бы утверждать, что у такого популярного и стремительно развивающегося явления как социальные сети напрочь отсутствуют положительные стороны.

По мнению исследователей, у социальных сетей есть определенные и, возможно, нежиз-

ненные плюсы. Приведем наиболее популярные факты о положительном влиянии социальных сетей.

1. Социальные сети нормализуют сердечный ритм. Исследователи из Технологического Университета Массачусетса (Massachusetts Institute of Technology) и Миланского Университета (University of Milan) выяснили, что, общаясь в социальных сетях, человек расслабляется, у него замедляется сердцебиение и снижается уровень стресса.

2. Помогают устроиться на работу или найти нужного сотрудника. Работодатели, особенно на Западе, уже используют социальные сети для отбора потенциальных работников.

3. Социальные сети повышают самооценку. Исследование, проведенное учеными из Университета Корнелла (Cornell University) доказало благотворное психологическое влияние социальных сетей. Ученые пришли к выводу, что при просмотре своей «стенки» в социальной сети, у человека может значительно повыситься самооценка.

4. Повышают стоимость акций. Результаты исследования, проведенного учеными из Университета Пейса (Pace University) показали: чем популярнее компания в социальной сети, тем дороже ее акции.

5. Повышают продуктивность. Результаты недавнего исследования показывают, что общение в социальных сетях может повысить работоспособность человека. Исследователи утверждают, что 10-минутный перерыв на болтовню в Facebook или другой соцсети, улучшает настроение и самочувствие человека и повышает его работоспособность.

6. Соцсети помогают получить высшее образование. Результаты исследования, проведенного учеными из Христианского университета Абилине (Abilene Christian University), показали, что студенты, активно общающиеся в социальных сетях, реже бросают учебу, чем те, кто не пользуется социальными сетями.

7. Помогают найти вторую половину. Исследования показывают, что 60 процентов одиноких пользователей Facebook добавляют в друзья тех, с кем увиделись в реале. 25 процентов пользователей, в случае, если человек понравился при личном общении, связываются с ним через Facebook. Также исследования показывают, что около 79 процентов пар переписываются в течение дня в социальных сетях. Кроме того, более 60 процентов влюбленных оставляют романтические сообщения на «стенке» у любимого. Социальные сети не только помогают найти свою любовь, но и помогают поддерживать отношения.

Итак, как видим, плюсов много. Более того, убежден, социальные сети — это один сплошной плюс, но при одном очень важном условии.

Умеренность, умеренность и еще раз умеренность. Нужно задать себе вопрос: хозяин ли своих аккаунтов в соцсетях, или они уже правят мной? Если первое, значит, все в порядке, ты попал в Сеть и при этом избежал в нее попасться.

Но Сеть растет, и способы удерживать в ней человека становятся все изощренней. Поэтому задавать себе указанный вопрос необходимо ежедневно.

Дмитрий ЛАРИОНОВ



ЭНЕРГЕТИКА - ЕРЕН ҚҰАТ

Белгілі ғалым Шапық Шөкіұлы Шөкиннің ұлағатты да тағлымды өмірін бүгінгі жастардың біле бермейтіні рас. Қазақ ғылымына сүбелі үлес қосқан, Орталық Қазақстанның сумен қамтылуына атсалысқан, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шапық Шөкиннің өткен Оралбайұлымен болған сұхбатын оқырмандар назарына ұсынуға мұқият.

Осы сұхбаттан ғалымның балалық шағы, өмірлік жолы және ғылым жолы, адамылық болмысын таниды деп ойлаймыз.

– Шапық аға, Сіз қиын мезгіл, қыстаң жылдары дүниеге келдіңіз, аз қиындық көрген жоқсыз. Дегенімен, қалай болса да адамның жүрек түкпірінде жатқан бір аяулы сөздері болады. Соның бірі – балалық шақ. Қанша ауыр болды десе де, ол күндер, жылдар жылжып, уақыт өткен сайын сағына, тебірене еске алатын кездерге айналады.

– Оның рас қалқам. Мен жас шағымда қиындықты өте көп көрген ұрпақтың өкілімін. Тіпті әлі күнге дейін ол туралы айтқанда қамығып, шаршап қаламын. Мен Баян тауының ішінде Торайғыр көлінің Ақбеттау деген баурайында дүниеге келдім. Біздің семья өте кедей еді, жатақ болатын. Жатақтар жайлауға көшпейді, жұртта қалады. Біз отбасында бес ұл, үш қыз болатынбыз. Әкеміз 1918 жылы, менің алты жасымда дүниесіз салды. Семейдің бар тауқыметі 18 жасар ағайым Ризаға түсті. Ол бізге әрі әке, әрі аға болды. Анамыз Сақып елдің жұмысын жасап, әйтеуір бізді жеткізді ғой. Жұрт соңында жүріп, жылап-сықтап жүріп ержеттік қой, қалқам. Ол кезде қазақтар қара жұмыскер болуды ұят санайтын. Қайран, надандық десеңші! Амаң жоқ, ағай сол кезде бастаған Оңтүстік Сібір жолын салу қара жұмысына кетті. Әкеміз оқымаса да, көкірегі ашық, зерделі адам еді. Риза ағамызды оқытқан еді. Соның пайдасы тиді. Кейін ол келіп, орманшы болды, бала оқытты. Елмен араласты, жұрт бірен-саран қой-ешкі береді. Қазіргі жастар, мүмкін білмейтін де шығар. Қазақта «мұстах» деген салт болған. Яғни, бір бай туысы өлсе, кедей ағайыны әлгінің бар кінәсін мойнына алады. Соған оның малынан үлес тиеді. Сондайды ағамыз да бастан кешті, жылқы алды. Бірақ одан байып кеткен біз жоқ. Ал бірақ келер жылы жатақ деген жаман аттан құтылып, жұрт көшіне ілестік. Шіркін, қазақ көші де думан-той ғой, сол күндерді ұмыту мүмкін бе?

– Алғаш сауат ашу сапарыңыз қалай басталды, қай жылы еді, тұңғыш ұстазыңыздың есімін ұмытпаған боларсыз?

– Бала кездегі нәрселер аз ұмытылады. Менің білім алған бірінші ұстазым Жұмат Досқараев деген кісі. Найзатас деген жерде оқыдық. Ауылдан екі шақырымдай жер болатын. Қыста, боранда өте қиын болатын, бірақ жаяу қалсам да сабақтан да кешікпеуші едім.

1925 жылы Баянда кедей балаларына арналған мектеп ашылып, ағам мені сонда берді. Бұл қырсық дегенді қойсаңыз, келер жылы жұт болды. Жұт деген жалмауыз сынды нәрсе ғой, әсіресе малшы қазаққа өте ауыр соғатын. Жұт бізді де ұмыт қалдырған жоқ. Үйде жалғыз сиыр қалды. Жалғыз сиырды ағамыз сойды да, терісін сегіз сомға сатып, мені сол ақшамен Қарқаралы техникумына оқуға жіберді. Он төртте едім. Төрт бала болып төрт жүз шақырым жерге жаяу тартып кеттік. Ол күндер де артта қалды ғой әйтеуір. Оқуға түстік. Сонда бір фельдшердің үйінде қолбала болып тұрдым. Оқуға уақыт қалмаса да, жақсы оқыдым. Осылай 1929 жылды да өткіздік. 1930 жылы қаңтар айында мені Қарқаралы округтік партия комитеті ауқаттылар көтерілісін басу үшін Шұбартау ауданына баратын

бригада құрамына қосты. Он сегіздей от қалып кезім болатын.

– Әрі «Жасаймыз жаңа дүние» деген қуатты ұран көтерген комсомолдық гвардия сапынансыз.

– Иә, бір қызығы мен комсомол қатарына он үш жасымда өттім. Аздап жасымды жасыруға тура келді. Қыс қатал. Оның үстіне тап күресінің шиеленіскен кезі. Сол өзім барған сегізінші ауылда отыз жеті байды қаттадым, әрине, оның бәрі сол кезгі уақыт талабынан туған қаталдық та еді. Бірақ арамдық болған жоқ. Онан кейін мені жұмыс жүрмей жатыр деп екінші ауылға жіберді. Көкек айның ортасы еді, бір күні ауданға тез қайтыңыз деген нұсқау алдым. Айтбек деген досымның үйінде жататынмын. Ауданға ертең жүрем деген түнде байлар мені ұстамақшы болып келді. Қараңғылықты пайдаланып, Айтбек екеуіміз жалаң аяқ қашып шықтық. Жер ала қар, мұз. Ауданға тарттық. Жолды байлар алып қойған екен, ауданға кіре алмай үш күн моланың ішінде жаттық. Ақтар ауданды ала алмады. Бәрі де ретке келді.

– Тапсырылған жұмысты тиянақты орындап келдіңіз. Сосын әрі қарай жалғастырған боларсыз?

– Жоқ. Мені аудандық партия комитеті комсомолдардың бірінші хатшылығына қойды. Арманым оқу еді. Қызметтен қашып кеттім. Үш жүз елу шақырым жердегі Қарқаралыға тартып отырдым. Жолда ауылға соқтым. Біздің үй жылап – еңіреп, менің қырқымды беріп отыр екен. Өлді деп естіген ғой. Ауылда біраз күн болдым. Сонан кейін Ленинградқа оқуға жиналдым. Ол кезде Риза ағайым Ташкентте оқуда болатын. Сол қаниқулға келді. Ташкентке жүр, бірге болайық деді. Ол кезде үлкен айтты, бітті. Еріп кете бардым. Қыркүйектің бесінде (1930ж.) Ташкентке келдік. САГУ-дің қоғамдық ғылымдар факультетіне оқуға түстім. Белгілі әдебиетші Ілияс Омаров та менімен бірге түсті. Мұнда да жаман оқыған жоқпын, белсенді едім. Комсбюро құрамына сайландым.

– Ал сіз басқа мамандықтың адмы емессіз бе, энергетика саласына қалай келдіңіз?

– Арманым геолог болу еді. Содан бір күні документімді қайтып алдым да, геологиялық барлау жұмысы бөліміне барып тапсырдым. Бірақ оқу басталмады, келер қыркүйекке дейін бос жүрдік. Ақырында Ташкенттегі инженерлер мен техниктердің Орта Азия ирригация институтының студенті атандым, гидрогеология бөліміне қабылдандым. Тағы да жақсы оқыдым. (Ол кісі жайдарлана жымиып қойды). Келер жылы пролетарлық студенттер қоғамының Орта Азия бюросы төрағасының орынбасары болып сайландым. Жылжып 1933 жыл да келді. Өмірде күтпеген жағдайлар, кездейсоқтар жиі кездеседі. Ал енді бір қызық айтайын, бір күні журналист болдым да шықтым. Құлағым елең ете қалды.

– Мұныңыз қызық екен. Қайда, кім болып істедіңіз, әлде штаттан тыс тілші болдыңыз ба?

– Ол кезде қазіргідей кадр мәселесі жақсы шешілген кез емес еді ғой. Уақыт талабына орай, жағдайға байланысты қолдан келгеннен қашпадық. Бір жыл, яғни 1933 – 1934 жылы Қызылжардағы «Ленин туы» газеті

өнеркәсіп бөлімнің меңгерушісі болып істедім. Өзім де дәмін татып, жай-күйін байқағаннан да болар, журналистерге әрқашан құрметпен қараймын. 1934 жылы Омбыдағы ауыл шаруашылық институтының гидротехника факультетіне түстім. Оны 1937 жылы үздік бітіріп шықтым.

– Қазақстанға керекті кадр болып оралдыңыз, талмай жүріп таңдаған мамандығыңызды иемдендіңіз. Алғаш қай жерде, қай мекемеге келіп, еңбек жолыңызды қалай бастадыңыз?

– Сол жылы «Казсельэлектро» жаңадан құрылып жатыр екен, соған техник болып орналастым. Оның алдында аз уақыт су шаруашылығы министрлігінде қызмет істедім. 1939 жылы осы трестке бас инженер болдым, 1940 жылы Орталық Комитетке қызметке алындым. Сектор меңгерушісі болып істедім, энергетика саласы бойынша. Кейін осы сектор күні бүгінгі дербес, үлкен институтқа айналды.

–Кандидаттық диссертацияңыз не туралы еді? Қашан қорғадыңыз, ғылыми жетекшіңіз кім болды?

–1945 жылы қарашаның 15-і күні қорғадым, ғылыми еңбегім Қапшағай гидроэлектростанциясының мүмкіндігі туралы болатын. Жетекшім өз саласының білгір маманы қарт энергетик В.П. Захаров деген кісі-тін.

–Докторлық ғылыми атақ пен кандидаттықтың араысында қанша жыл жатыр?

– Сегіз жыл. Докторлықты 1953 жылы Москвада қорғадым.

– Осы жерде бір сұрақтың ыңғайы келді. 1965 жылы «Қазақстан» баспасы республиканың ғылымдары туралы «Өмір операциясы» («Операция жизнь») деген жинақ шығарды. Сонда Сіз туралы да көркем очерк жарияланған. Очерктің соңы енді таяу жылдарда Алматы маңында теңіз толқып жатады деп аяқталады. Ол теңіз – бүгінгі Қапшағай. Сіздің кандидаттық тақырыбыңыз осы Қапшағай туралы ғой. Ал, енді сол теңіз астана іргесінде шалқып жатыр. Сол Қапшағай мен бүгінгі Қапшағай бейнесі, құрлысы сізді қанағаттандыра ма?

– Әрине, бұл менің ғана емес, көптеген ғалымдардың арманы еді. Орындалды. Қапшағай теңізінің игілігін халық көріп отыр, ол халық шаруашылығы үшін қыруар пайда келтіруде. Су қоймасы – қазіргі таңда өте қажет. Оңтүстік облыстарда гидроресурстар өте аз. 1918 жылы Ленин Академияға жазған хатында осы су қорын сақтау, оны ұтымды пайдалану туралы айтқан болатын.

– Сіздің салаңыз бойынша 300 ден астам ғылыми еңбектер жазғаныңыз Қазақ Совет энциклопедиясында айтылған. Осыныша қыруар еңбектің ішінен қай еңбегіңіз жүрегіңізге жақын?

– Әрине, бәрі де маңдай тер, маза-сыз еңбектің жемісі ғой. Жеке дара бөліп айту қиын. Мұндайда көп пікіріне жүгінген де жөн болар. «Қазақстан энергетикасының даму негіздері» деген көлемді монографияма 1972 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл еңбек менің көп жылдық ізденісімнің үлкен бір жиынтығы секілді.

– Сіз Сібір өзендерін Қазақстанға бұру туралы айтқан алғашқы адамдардың бірісіз. Бұл күрделі мәселе туралы пікірталастар көп болады, әлі де біткен жоқ. Осы жөнінде бірекі ауыз сөз айта кетсеңіз.

– Сібір өзендерін әкелу туралы алғаш 1871 жылы айтылған еді. 1964 жылдан бастап бұл пікір қайта жанданды. Бұл үшін ғылыми-зерттеу экспедициялары да жасақталды, соның бірнешеуін, атап айтқанда, 1967 жылы Катунь өзені суын Бұқтарма арқылы Ертіс өзеніне бұру, 1968 жылы Аргунь өзені суын Ертіске бұру экспедицияларына қатыстым, жетекші болдым. Оның алдында бұл мәселе 1949 жылы Қарағанды секциясында көтерілген. 1952-1953 жылдары қатты-қатты айта жүріп, осы мәселені шешуге (ғылыми негізінде) рұқсат алған едік.

Солтүстік мұзды мұхитқа жыл сайын 900 миллиард метр су келеді. Бірінші кезек келгенде біз 25 миллиард текше метр су алатын едік, бұл оның 3 проценті, ал, екінші кезекте 60 миллиард текше метр, яғни 6-7 процент. Бұдан Сібірдің де, Қазақстанның да ауа райы өзгермейді. Қазақстанға су керек, егер ол су келсе екі ортада жатқан 90 миллион гектар жерді игерер едік. Бірақ бұл мәселе қазіргі уақытта тоқтатылды. Әйтсе де күн тәртібінен түспесе екен деймін.

– Шапық аға, енді жастар тәрбиесі туралы тілге тиек етсек. Қандай мінезді қадірлейсіз, қандайын ұнатпайсыз, сізді не ойландырады, не сақтандырады?

– Жастар тәрбиесіне жан-жақты қамқорлық керек. Мен ең құдіретті күш еңбек деп есептеймін. Еңбеккер жасты қадірлеймін. Жалқаулық – жаман дерт. Ал тәрбие мәселесі қазір босаңсып кеткендей.

Жастар арасында арақ ішушілік, күнді бос даңғазаман өткізушілік, нашақорлық, тіпті жеңіл жүріске салынушылық белең алып, барша жұртты елеңдетіп отыр. Мұндай зиянды дерттерге қарсы – қоғамдық, ресми негізде жұмыла жүргізу қажет. Жастар бойындағы ізеттілік азайып барады, қатыгездік, үлкенді сыйлау, кішіні қамқорлыққа алмау көбейген секілді. Дабыл қағатын, дереу шара алатын шаруалар баршылық. Сондай-ақ рухани байлық – кітап оқуды үйрену керек. Бізде көркем әдебиеттің насихатталуы нашар.

– Осы орайда көркем әдебиет туралы аз-кем тоқтала кетсек, қазақ қаламгерлерінен сіз кімдерді қадір тұтасыз, қадағалап оқисыз?

– Мұхтар Әуезовті үнемі қайталап оқимын. Мұхтар теңіз ғой шіркін. Ғабит Мүсіреповтің тіліне тәнтімін. Жастар одан көп үйренуі керек. Ақындардан Қалижан Бекхожин мен Сырбай Мәуленовты құрметтеймін. Жақсы өлеңдерін жазып алып жүреміз. Осы ретте айтайын жастар қазір аз оқиды. Кейбірінің рухани жан дүниесі жұтаң. Және бір айтайын дегенім, қазір кітап жинау модаға айналып барады. Бұл мені қатты ойландырады. Оқымайды, тек қана жинайды.

Біздің еңгіміміз ұзаққа созылды. Көп жайлар айтылды, көп нәрселер еске түсірілді. Шапық аға академияда болатын бір жиналысқа баруы керек екен, соған жиналды.

Республика энергетикасының негізін салушылардың бірі, 1954 жылдан көрнекті ғалым қоғам қайраткері Шапық Шөкіұлы Шөкин аға тағы бір келелі кеңеске асығып барады.

Осынау ардагер жанның саналы өмірінде қазақ ғылымының жүріп өткен қиын да жемісті жолы, қазақ ұлының бақытты жұмыры, халқымыздың өсу, есею, өрлеу ізі жатыр.

Еңселі ғимараттан еңсемді көтеріп шықтым. Астана көшелерінде ағаның ақ ниетіндей болып алтын жапырақтар жауып тұр еді.

Жолға шықты жүрегім,
Қыркүйек, 1982 жыл.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ – ИННОВАЦИЯ

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандықтарға арнаған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы қоғамда кең талқыланды. Елбасымыз әлеуметтік – экономикалық дамыту мәселелеріне арналған кеңесте елдің әлеуметтік жаңғыртуы мен жаңа индустриялық-инновациялық экономикасын дамытудың жолдарына кеңінен тоқталды. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бірнеше министрліктерге және «Нұр Отан» ХДП – на 20 нақты тапсырмалар жүктеді. Әлеуметтік жаңғырту, индустриялық – инновациялық даму мәселелерін шешуге арқау болатын бірқатар тапсырмаларға кеңінен тоқтала кетсек:

1-ШІ ТАПСЫРМА

Үкімет «Нұр Отан» ХДП-мен бірлесіп 2013 жылдың 1 сәуіріне дейін «Қазақстан – 2030 стратегиясы ережелері мен қазақстандық әлеуметтік жүйе мен экономикалық жаңғырту міндеттері қоғамын бірлесіп дамыту мәселелеріне қатысты басқа да стратегиялық құжаттарға арқа сүйейтін 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың Жалпыұлттық тұжырымдамасы жобасын жаса-сын.

Елбасымыз «индустриялық – инновациялық дамудан тыс ешқандай жаңғырту мүлдем мүмкін емес», – деді өз сөзінде. Және Ол ел болашағын білім-ғылым саласының дамып, индустрияларымыздың инновациялық жетілуінен көретінін атап кетті. Әлеуметтік жаңғыртудың әрі оның міндеттері мен мақсаттары жайында Елбасымыз жүйелеп сараптап берді. Ол әлеуметтік жаңғыртудың мақсаттары мен мәні қоғамды жаңа индустриялық – инновациялық экономика жағдайына дайындау, еліміздің үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық игіліктерді молынан қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікке жету, құқық негіздерінде әлеуметтік негіздерді бекітуден тұратынын айтты. Мемлекет басшысы қарапайым халықтың үздіксіз өсуіне, инновациялық экономиканың басты қозғаушы күші креативті

таптың пайда болуы мен дамуына жағдай жасауды мемлекеттік органдарға міндеттеді өз тапсырмасында.

БҮЛ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ ҮШІН НӨМІРІ БІРІНШІ МӘСЕЛЕ

«Біз бүгінгі күні индустриялық-инновациялық бағдарламаны іске асырудамыз. Бұл – ел болашағы үшін нөмірі бірінші мәселе», – деген Елбасы сөздерінен индустриялық-инновациялық бағдарламаның ел экономикасының өсуі үшін маңызды тетік екенін түсінеміз. Әлеуметтік жаңғырту үдерісінің негізгі міндеттері – эволюциялық, ортақ жауапкершілік, әріптестік қатысу, ынталандыру, кәсібилік қағидаттар. Бұл жаңғырту міндеттерін әрбір азамат өзіне басты қағидасы етсе, ел экономикасының өркендеуіне өз үлесін тигізері анық. Әлеуметтік жаңғырту әрбір қазақстандық азаматтан және отбасынан бастау алады. «Жаңғырту, жалпыұлттық тұжырымдама мен жоспар арқылы жүзеге асырылатын болса, әрі тұтастай үдемелі индустриялық – инновациялық дамумен байланысты нақты экономикалық табыстарға негізделген жағдайда табысты болады», – деді Елбасы.

2012 жылы 9.3 млрд теңге көлемінде 20 инвестициялық жоба жүзеге асатын болады. Оның ішінде жалпы құны 3.6 млрд. теңгені құрайтын 10 жоба индустрияландыру картасы бойынша жүзеге асуда. Осыдан басқа да жобалар елдің индустриялық – инновациялық дамуына көп үлес қосады деген сеніміміз бар. Әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті, инновацияны дамытуға, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құруға бағытталуы тиіс.

2-ШІ ТАПСЫРМА

Үкімет Парламентпен және «Нұр Отан» ХДП – мен бірлесе отырып 2012 жылдың соңына дейін әлеуметтік саладағы ұлттық заңдарға түгендеу жүргізісін және әлеуметтік жаңғыртудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оны реформалаудың Тұжырымдама жобасын енгізісін.

Осы тұста, Елбасымыз жұмысшылардың қамына ортақтаса, былай деді: «Жұмысшылар өздерін лайықты сезінулері үшін кәсіподақтар қозғалысы өз билігінде болуы тиіс». Ал қолданыстағы «Кәсіптік одақтар туралы» Заңда әлеуметтік әріптестік туралы, ұжымдық шарттарды жасау мен орындау тетіктері туралы мағлұмат та жоқ. Әлеуметтік жаңғыртудың табысқа жетуінде Заңның атқарар орны ерек. Еңбекші мен оның өз кәсібімен байланысы, еңбек беруші мен жұмыскердің қарым-қатынасы толыққанды үйлесім тапқанда ел экономикасына, отбасы әл-ауқатына пайдасы тиетіні сөзсіз. Сапалы еңбек, ғылым мен индустрияның, индустрияның инновациямен қатар қызмет етуі экономикалық сұранысқа ие болуы қажет.

ЖАҢА БІЛІКТІЛІКТІ МЕНГЕРУДЕН ГӨРІ БАЗАРДА «ТАКСИ» ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУДЫ ҚАЛАЙТЫН ПСИХОЛОГИЯ.

«Егер біз бәсекеге қабілетті ұлт болғымыз келетіндігі рас болса, бұл психологиядан арылу қажет», – деді өз сөзінде Елбасы. Жаңа біліктілікті және жаңа өндіріс орындарына барып, жаңа индустрияны бағындыруға ұмтылу қажеттігін атап өтті Мемлекет Басшысы. Қазақстанда жұмысы бар халықтың үштен бір бөлігі осы «өзін-өзі еңбекпен қамтығандар». Демек, елдің үштен бір бөлік потенциалы индустрия саласынан берік орын алып, өз жемістерін берсе мемлекеттің экономикасының дамуына әлдеқайда көп үлесін тигізеді. Мемлекет басшысы «Үкіметке индустриялық және инновациялық экономикалық жаңа нысандарын өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық неғұрлым көп шоғырланған өңірлерде құру туралы мәселені шешу керек», – деген сөзінен халықтың көпшілігі тұрақты жұмыс орнымен қамтылуын қамтамасыз етуді көздегенін аңғарамыз. Индустриялық – инновациялық мемлекет құру басты мақсатымыз. Олай болса, өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтарымызды нақты экономикаға араластырудың, ынталандырудың маңызы өте зор.

Бытырғы жылы Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауында еліміз үдемелі индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың екінші жылына кіріскенін атап кеткен. Онда Елбасымыз жаңа әлеуметтік саясат ең алдымен халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуы тиіс делінген. Президент жарты жыл өткен соң әлеуметтік саясаттың жалғасы іспеттес, әлеуметтік саланы жаңғырту туралы нақты істердің жоспарын ұсынып отыр. Мемлекетіміздің әлеуметтік жаңғыртылуының негізгі қағидаттары мен міндеттері әрбір қазақстандық азамат тұрмысының өсуіне, отбасының игілігіне, ел экономикасының дамуына қызмет етуінде болып отыр. Еңбек, білім-ғылым, әлеуметтік, экономика салаларымен ұштасып жатқан Елбасының қазақстандықтарға арнаған бұл жолдауы елдің өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған, әрі сол үшін нақты қадам жасаудың бағдарламалық құжаты болып табылады.

Жаңа инновациялық жобалар ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Инновациялық – индустриялық даму экономикамыздың өркендеуіне, қазақстандық қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың белесіне көтерері хақ. «Қазақстанның Әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» жолдауының мақсаты: әлеуметтік жаңғыртудың нақты іс-шараларын іске асыру ғана емес, қоғамдық сананың жаңаруы да негізге алынды. Жолдаудағы жоспар іске асып, мақсат орындалып, халық игілігіне бола қызмет етсін! Сәттілік!

Жанар ЕЛЕШОВА

Құндылық



Нұрлыбек ШАКИЗАДАҰЛЫ
«Мәшһүр Жүсіп» орталық мешітінің
наиб имамы, дінтанушы

(Басы өткен санында)

Шындыққа тура қарайықшы! Біздің тәрбиеміздің негізі осы ғой. Әрине осы тектес те болуы мүмкін де шығар алайда айырмашылығы көп емес – ау.

Жоқ! Тәрбие бұлай болмайды, жалпы өмірді мұндай бейшаралықпен өткізуге бола ма? Айналырған қамшының сабындай қысқа өмірді осындай сорақылықпен өткізсек қандай бақытты жанұя, Отан, жәннат қалайша бізге бұйырады?

Оның сара жолы біреу ғана. Сіз оны білесіз. Ол: Алланың жолы. Құран жолы, Ислам жолы. Бұдан басқа шешім жоқ. Қорықпаңыз, қорықпаңыз балаңыз уаһабист, террорист болмайды. Қызыңыз күйеусіз қалмайды. Туысқандарға масқара болмайсыз. Тек мұқият қадағаласаңыз болғаны. Жоқ әлде әлгіндей өмір ұнай ма? Айтыңызшы бұл өмірдің қай жері ұнайды? Балаларымыз осылай шайтанның шылауына батып жатса, аһ ұрып әке-шеше мұңда жатса, баланың рахатын көреміз деп, азабын тартса, ақыры тозақ болса, қай жері жақсы? Оны істегенше баланы тәрбиелеудің негізгі жолын, ауырмай тұрып ауырмаудың жолын іздейікте.

болса, сендер де бала-шағаларыңа соны істе деп бұйырыңдар! – деп жауап берді. (Абу Һурайранан Имам Бұхари, Имам Мұслим риуаят етті) Бар болғаны осы ма? – деген сұрақтарға: Иә, бар болғаны осы Алланың екі аяты. Басқа да толып жатқан аяттар бар. Бірақ осы бір екі аятқа амал жасап көрейік әуелі. Алланың тыйғанынан тыйылып, істе деп бұйырғандарын істеу де кезкелген мұсылман баласының қолынан келетін амал. Осыны істесеңіз, харамнан тыйылсаңыз жәннат сіздікі. Бала сіздікі. Бұл деген сөз ата-ана намаз оқып, ораза ұстап, арамнан алшақ болып, Аллаға серік қоспау керек. Жаны мен тәні таза болуға тиіс, өмірдегі басты мақсаты Алланың разылығын табу болуы шарт. Өзімізді және бала-шағамызды оттан, бақытсыздықтан осы жолмен ғана сақтаймыз.

өтірік. Діни тәрбие алса уаһабист немесе жыңды болады деп қорқамыз. Уаһабист демекші көпшілікке топырақ шашудан аулақпыз әрине алайда шындыққа шын қарасақ осы жолға кетіп жатқан жастарымыздың ата-аналары да немқұрайлы қарап, әйтеуір намаз оқыса болғаны депте жүргендері аз емес. Бұл кеселмен мешіт қызметкерлері, дінтанушы имамдар барын салып айналысуда. Ең бастысы бұл Ислам дініміздің бойындағы мін емес, адамның қатесі. Жастардың теріс ағымдардың жетегінде кетуіне Ислам не Құран кінәлі емес, қате өзімізде, білімсіздігімізде. Ал ішкені, кигені арам, қыз болса ашық-шашық, ішкеніміз арам арақ, оны көріп, сезіп өскен бала, алып жатқан білімінде шаруамыз жоқ, достары кім, қандай ортада өсіп жатыр? Оған да бас қатырмаймыз. Үйде де түзде де бала

тыржалаңаштарды, бұзақылықтарды төрт көздерімен бақырайып қарап отырса балаңыз не істемейді?

Әкелердің сардары Мұхаммед (с.а.у.): *«Әкенің бала алдындағы міндеті: жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру»* деп ата-анасының баласы алдындағы негізгі міндетін де тайға таңба басқандай айтып кеткен. Балаларымыздың нақыл сөзінде айтылғандай: *«Ардақты ата-аналар! Бір жасынан бастап алты жасына дейін баланың құлы болыңдар, алты жастан он бес жасқа дейін сендердің құлдарың болсын, он бес жастан бастап ол баламен дос болыңдар»* деп тәрбиенің өзегін біздерге түсіндіреді. Құл деген сөзді жақсылап түсіну керек. Мен баламның құлы болуым керек екен деп алты жасқа дейін отқа да, шоққа да жіберіп, не сұраса соны беріп, айтқанын екі етпей еркелету де-



***Иә, құрметті оқырман!**
Отбасы тәрбиелі болса Отан
ішінде тәрбиесіздер қайдан
болсын! Қоғамға имандылық
орнаса, жүрек тыныштық
табады емес пе?*

ОТБАСЫН ДА, ОТАНДЫ ДА ТӘРБИЕЛЕЙТІН - АТА-АНА

Ата-ананың тәлім тәрбиесі қандай болса қоғамның да мінез-құлқы сондай болады. Өйткені халық та, қоғам да, Отан да ата-анадан, айналдырған екі адамнан құралады. Сондықтан ең әуелі адамның өзі дұрыс болу керек. Өзі кір адам біреуді қалайша тазалайды? Өзі қисық адам басқаны қандай құралмен түзетеді? Ата-ананың көңілі далада болса баланың көзі қайда болады?

Бізді жаратушы, тәрбиелеуші Алла Тағала:

مَكْسَفَنَّا اَوْقِ اَوْنَمَ نَيِّذَلَا اَهْيَا اَي
قَرَجَلَاوْ سَانَلَا اَدُوْقُوْ اَرَانْ مَكِيْلَاوْ

«Ей, мүминдер! Өздеріңді әрі үй іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар, сақтаңдар» деп бұйырған. (Тахрим сүресі 6-аят) Жаратқан Жаббар Иеміз неге мұнша қатты айтады деп сөкпеңіз, күнәміз онсызда аз емес. Ол біздің қамымызды ойлап, жақсылық тілеп жатыр. Тозақтағы отты да дайындайтын адамдардың өзі екен өкінішке орай. Және Таға сүресінде:

«Үй ішінді намаз оқуға бұйырып, өзің де оған көңіл бөл» деген аяттар түскенде Омар (р.а): *«Ей, Алланың елшісі! Біз Алла Тағаланың азабынан сақтануға тырысамыз. Ал, бала-шағамызды қалай сақтандырсақ болады?»* – деп сұрағанда, Расулұлла (с.а.у.): *«Алла сендерді неден қайтарған болса, сендер де бала-шағаларыңды содан қайтарыңдар! Алла сендерге нені істе деп бұйырған*

Бала дүниеге келмес бұрын тазалықты айттық. Енді Алладан қайырлы ұл немесе қыз бер деп «дұға» жасауымыз керек. Алладан ұялмай сұрауымыз қажет. Пайғамбарлардың барлығы дерлік Алладан дұға жасап иманды да тәрбиелі ұрпақ нәсіп ет деп жалбарынған дұғалары әлі күнге дейін Құранда бізге үлгі ретінде жазулы тұр. Құранды ашып оқысаңыз көзіңіз жетеді. Әрине әке-шешесі залым, Аллаға серік қосушы бола тұра бала-сы ақ сүттей аппақ болуы мүмкін. Бірақ бұл әрдайым бола бермейтін жайт. Құрсақтан бастап тәрбиеге көшу керек. Ислам дініміздің білдей ғұламалары да осыны растайды. Адал тамақтан бастап, көркем сөз, жақсы ойға дейін.

Егер біз балаларымызға діни тәрбие бермесек бала біздікі емес. Ол баладан айрылдыңыз. Өйткені жәннатқа Алланың бұйрығын орындамай кіре алмайсыз. Жәннатқа кірудің жолын айттық. Я тозақта, я жәннатта бірге боламыз. Кімге қажет? Сіздің балаңыз қызып тұрған шоққа қол созса шыдап, қарап тұра аласыз ба? Шырылдап жаны шығардай жылағанын естігіңіз келмесе қолын шоқтан дереу ала-сыз. Олай болса біз неге балаларымызды көреркөзге шоққа тастаймыз? Қай бетімізбен тозаққа жетелейтін күнәларды істеуге қуана қолпаштап жүрміз? Осыдан кейін бетімізді шым-шимыз, менің балам мұндай емес еді, арақ ішпейтін еді, бұзақылық дегенді білмеуші еді. Бәрі жалған,

немен айналысуда? Дерті не? Мақсаты не? Болашағы қандай болмақ? Ең қиыны Алланың құзырына барғанда діннен түк хабары жоқ, жүрегінде иманы жоқ баланы менің балам еді деп қалайша айтамыз? Өзіміздің рухани хал-ахуалымыз ше? Ол өзінше бір тау. Демек қате бізде.

Бір ауылда мұсынманшылықты жақсы ұстайтындықтарын ойлайтын адамдар болған екен. Сонда сол ауылдың имамы: *«Уа, құрметті жамағат! Ауылдың шетіне бір ұры келіпті, балаларға ұрлықты үйретіп жатыр, мына бұрышына жезекше келіпті қыздарымызға шешінуді үйретіп жатыр екен не істейміз?»* – депті. Жамағат у-шу болып: *«Ойбай оларды құрту керек, бастарын шабу керек»* – деп айқай салыпты. Сонда имам: *«Дұрыс айта-сыздар сіздер балаларыңызға қатты жандарыңыз ашиды ғой, мен оны білем. Бірақ ешбіріңіз мұны істеп жатқан жоқсыздар. Жиырма төрт сағат балалармен тілдесіп жатқан теледидардың басын кім шабады?»* – деген екен. Бұдан теледидар көрмендер деген сөз шықпайды әрине. Егер біз жастайынан балаға діни тәрбие берсек, аптада бір мәрте жұма намазға барғанына риза болып қана қоймай бес уақыт намазын қадағалап, намаз оның жаман қылықтарының жойылуына әсер етіп жатқандығын бақылап тәрбиелейтін болсақ не көру керек, нені көруге мүлдем болмайды оны баланың өзі-ақ айырып алады. Әке де шеше де бірге

ген сөз емес, мен әке екенмін деп алты жастан бастап аямай жұмсап, ұрып-соғып құлға теңемеу қажет. Керісінше пайғамбарымыз алты жасына дейін ненің не екендігін көрсетіп, түсіндіріп, әсем табиғатпен таныстырып, ащы мен тәттіні, ыстық пен суықты, жаман мен жақсыны түсіндіру үшін асты үстіне түсу керек дейді. Алты жеті жасынан бастап, яғни оң солын ажырата бастағаннан бастап намазға үйрету керек. Имам Тирмизи, Имам Абу Дәуіт сияқты ғалымдар риуаят еткен Пайғамбарымыздың хадисінде: *«Ұл-қыздарыңа жеті жастан бастап намаз оқуды үйретіңдер. Он жастан бастап намазға тұруды үйретіңдер, тұрмаса ұрыңдар, әрі сол кезден бастап жататын жерлерін бөлек етіңдер»* деп өсиет етеді. Жеті жастан бастап үйретілмеген намаз он жасында кеш болады.

Сөккенің болсын сүйгенің, Күйгенің болсын достығың – деп да-наларымыз текке жырыламаса керек. Біздің мақсат Ар сүю, Адам сүю, Отан сүю!

Бұлақтың тәтті суынан дәм татқан бұлақтың көзін де табады. Бұлақтың көзі, өмірдің мәні, бала-шағамыздың бақыты асыл дініміз Исламда.

Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін ақ жаулықты ана-ларымызбен, асқар тауға теңелетін әкелеріміз ұлағатты ұрпақ өсіріп, ата-аналарға да Алладан дұға тілейтін иманды жастарымыз көп болсын.

Алмас, 12 жаста:

– Мен компьютерде сағаттап отырамын. Онда бәрі бар. Кітаптар да, ойындар да, тіпті, мектепте берген тапсырмаларды да сол арқылы жасаймын. Реферат пен аудармаларды да алуға болады.

Талғат, 38 жаста:

– Мен кітап оқығанды ұнатамын. Тек уақыттың жетіспеушілігі. Қолыма түскен кітапты уақытым болса оқып жатамын. Көбінесе электрондық нұсқасын оқу әлдеқайда қолжетімді.

Айман, 45 жаста:

– Менің қолым тисе, оқығанға не жетсін. Жас кезімізде қызықты кітаптарды достар арасында кезекке тұрып та оқыдық. Ол кездегі қызығушылық та басқа еді ғой. Жас ерекшелігімізге қарай қызығушылық та өзгеріп тұратын сияқты ғой. Қазір балаларымыздың кітап оқып отырғанын көрсек қуанатын жағдайға жеткенбіз.

Мен бастаған шығармамды аяқтағанша асығатын жаман әдетім бар. Компьютерде уақыт өткізгенді де ұнатамын. Бірақ онда мен кітап оқымаймын, тек ойын ойнап уақыт өткіземін.

Асылзат, 55 жаста:

– Кітапты жас кезімізде сүйсіне оқыдық қой. Анамыз ұрсса да, шамның жарығымен тығылып оқыған күн болды. Ал, қазір жасымыз келді, кітап оқуға уақыт табудың өзі қиынның қиыны болды.

Шолпан, 17 жаста:

– Кітапты оқимын ғой. Электрондық әлде, баспа нұсқасын оқитыныма келсем, қолжетімділігін таңдар едім. Қолыма түскен қызықты баспа нұсқасындағы кітапты оқитын кезім де болады. Бірақ, мен үшін ең тиімдісі электрондық нұсқа болар. Кітапханаға барудың қажеті жоқ, құжаттар рәсімдеудің де қажеті жоқ. Тек қолыңда компьютер болса болғаны. Ол да қазір көпшілікке қолжетімді емес пе.

ӘР ТӨРТІНШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КІТАП ОҚЫМАЙДЫ

Қазақстанның он алты қаласынан 2307 адам қатысқан сауалнама барысында әр төртінші қазақстандықтың кітап оқымайтындығы анықталды. Соның ішінде сұхбаткерлердің көбісі жылына бір-екі ғана кітап (40,1%) оқиды екен. Ал, қалған 13,3% күнделікті кітап оқуға арнайы уақыт бөліп отыратын болып шықты.

«Оқу – өмір шырағы, кітап – білім бұлағы», – дейді халық даналығы. Кітап – өмір нәрі, ғұмырлық ұстаз әрі адамның өмірін өзгерте алатын даналықтың көзі. «Сіз кітап оқисыз ба? Дәстүрлі баспа кітап па, әлде интернет не таңдауыңыз?» Осындай сұрақтар төңірегінде сауалнама жүргіздік. Бірнеше сұхбаткерлердің пікіріне тоқтала кетсек:



Менің досым – кітап

Нұргүл, 19 жаста:

– Мен студентпін. Сол себепті де кітап оқимын десеім болады. Өзіме қажетті ақпаратты кітапханадан іздеуден гөрі «интернет» желісі арқылы табу мен үшін әлдеқайда оңайырақ.

Шапағат, 35 жаста:

– Біздің кездің қызығы да, мәні де кітап болды. Біз кітапты бір-бірімізбен жарыса оқыдық. Белгілі бір кітапты сынып бойынша жағалай оқып шығатынбыз. Онда да, бір сыныптың тең жартысы ғана кітап сүйерлер болатын. Өзара шығарманың мазмұнын айтып, одан сайын бір-бірімізді қызықтыра түсетінбіз. Әдеби шығарманы көп оқыдық. Осы күнгі балалар кітап оқымайды деп оларды жазғыруға болмайтын шығар. Бәлкім, әр заман бізге өз талабын қоятын болар.

Арман, 20 жаста:

– Мен әрдайым интернеттен алуан түрлі кітаптарды оқи аламын. Осылайша кітап оқу маған өте тиімді. Тиімділігі сонда кез-келген әдебиетті қалаған уақытымда оқи беремін. Емтиханға да үйде отырып дайындала беремін.

Ғаламат, 25 жаста:

– Мен нағыз кітап сүйермін. Кітапты оқуға деген қажеттілік жұмыс барысында да, тамақтанып отырғанда да туындайды. Тіпті, жақындарым маған «кітапты тасташы», – деп те ұрсатын кездер болады.

ОНЛАЙН КІТАПХАНАЛАР

Соңғы кездері әлем халықтарында, сонымен қатар, өзіміздің елде де онлайн кітапханалар өте танымал бола бастады. Бұл дегеніміз технология дамыған сайын қарапайым кітап оқудың орнын онлайн кітап оқу алады деген сөз.

Сұхбат берушілердің жауабы бүгінгі тіршілігіміздің көрінісі және өмірімізден алынған бірнеше мысалы ғана. Бұл жауаптар қамқарекетіміздің тынысы. Кітап – адамның өресін өсіретін, қиялына қанат бітіретін, керек кезде жұбатып, ақыл да беретін ұлы күш. Бұл – күш арманшыл, тағылымы биік, талабы зор адамды тәрбиелейді. Ал, зуылдаған ақпараттың заманында кітап оқу құндылығынан айырылып қалғандаймыз кейде. Бәлкім, заманның талабы осы жолы да жеңіске жеткен болар.

Жанар
ЕЛЕШОВА



КІТАП ОҚУДАН ЖАЛЫҚПАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Әлемдік кітапқұмар Лео Бабуттың кітапты көп оқығысы келмейтін, бірақ қалай бастау қажет екендігін білмейтін оқырмандарға маңызды кеңес:

- Кітапты міндет болғаннан емес, рахаттана оқы
- Кітап оқуға уақыт табуға тырыс
- Оқығанда, ештеңеге көңіл аударма
- Кітап оқуды ештеңеге қарамай ұната біл
- Оқыған әдебиетінді көпшілікпен талқылауға тырыс
- Кітапты атүсті, шала оқыма
- Егер кітап жалықтырса, оқымағаның жөн
- Өзіңе қызық кітапты ашуға тырыс
- Оқу жылдамдығын ойлап, әуре болма

bilim.idhost.kz

КІТАП ОҚУДЫҢ ТИІМДІ 4 ЕРЕЖЕСІ

1-ереже: Не білгіңіз келетінін анықтау керек.

Ең алдымен өзіңізден "Не үшін оқып отырсыз? Сіз алдыңыздағы мәтінді нақты бір мақсатпен бе әлде жай ғана рахаттану үшін оқудасыз ба? Кітаптан қандай білім алғыңыз келеді?" – деп сұрауыңыз керек.

Осы сұрақтарға жауап бергеннен соң, кітап бетін парақтауға кірісе беруге болады. Мұны істеудің оңай жолы – кітаптың кіріспесі мен тараулардың тақырыптарын қарау. Кіріспеде кітаптың кімге бағытталғаны, автор оқырманға не жеткізгісі келгені жайлы мәлімет берілуі мүмкін.

2-ереже: Мәліметті қаншалықты терең білу керек екендігін анықтау керек.

Егер сізге тек атамалы мәліметтер қажет болса, онда тарау тақырыптары мен кіріспесін оқып шықсаңыз жетерлік.

Ал егер сіз толық ақпаратты қажетсіңсеңіз, онда мәтінді қарап шыққан абзал. Тарауларды, кіріспені басты сөздер мен тіркестерді түсіне отырып, оқып шығыңыз. Оқу барысында берілген (егер берілсе) суреттер мен графикаларға жіті назар аударыңыз. Тек осы жағдайда ғана іздегеніңіз жайлы толық мағлұмат алу мүмкіндігіңіз бар.

3-ереже: Белсенді түрде оқу

Қандайда бір мәтінді оқу барысында маңызды да өзекті жерлердің астын сызып, оған пікір қалдырып отыру керек. Бұл сізге материалды жақсы түсінуге, сонымен қатар, қажетті жерде ойыңыздың жинақы болуына септігін тигізеді.

4-ереже: Техникалық құжаттарды оқу кезінде сөздіктерді қолдану

Егер сіз қиын техникалық құжаттарды көптеп оқитын болсаңыз, сөздік қолданыңыз. Оқу кезінде жаныңызда сөздіктің болғаны дұрыс. Сонымен қатар, кейбір тіркестерді өз сөзіңізбен жазып қойыңыз. Бұл сізге сөзді немесе тіркесті оңай ері тез еске сақтауға көмектеседі.

<http://massaget.kz>

САУАЛНАМА НЕ ДЕЙДІ?

Еліміздегі «Саяси шешімдер институты» деп аталатын қоғамдық ұйым осыған байланысты сауалнама жүргізіпті. Кітап оқу көрсеткіші бойынша Петропавл көш бастап тұр. Оқырмандардың 22,5 пайызы теріскейде тұрады екен. Екінші орында Алматы. Кітап оқуға құмармын деген ағайынның 19,9 пайызы осында. Оқырмандардың 18,9 пайызы астаналық. Сауалнама нәтижелері елімізде ер адамдарға қарағанда кітапты әйелдердің көп оқитынын көрсеткен. Оқырмандардың – 77,6 пайызы нәзік жандылар, 71,7 пайызы ер азаматтар. Жалпы, сауалнамаға 2307 адам сауалға қатысқан. Оның ішінде «Кітап оқуға құлқым жоқ», деп жауап бергендердің көбі Тараз қаласында тұрады екен. 19,9 пайыз. Қостанайда 18,2 пайыз болса, Атырау 16,7 пайызы мүлде кітаптың бетін ашуға уақытымыз жоқ, деп жауап берген.

Кітапты оқитындар қай қалада көп?

1. Қызылжар – 22,5%
 2. Алматы – 19%
 3. Астана – 18,9%
- Әйел оқырман – 77,6%
Ерлер – 71,7%
сауалнамаға 2307 адам қатысқан.

Кітап оқымайтындар қай қалада көп?

- Тараз – 19,9%
Қостанайда – 18,2%
Атырау – 16,7%

<http://kaztrk.kz>



АЛТЫНБЕК МҰҚЫШЕВ

1989 жылы Павлодар облысы, Екібастұз қаласында дүниеге келген. С.То-райғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлегі. Студент кезінде еңбек жолын «Білік» газетінен бастаған. Бүгінде қоғамдық жұмыстармен шұғылданады. Бір-неше облыстық, республикалық мүшәйралардың жеңімпазы. Өлеңдері «Бәйшешек», «Махаббат жыры», «Жанартау», «Ертіс толқыны» атты ұжымдық жинақтарға енген. Сондай-ақ, шығармалары облыстық, республикалық басылымдарда тұрақты жарияланып тұрады.

ӨЛЕҢ ЖАЗУ

Өлең жазу-өлеріңнің алдыңда
Сезімнің сыңғыры, Көңіліңнің күмбірі
С.Елікбаев

Өлең жазу - өліарада өлу бұл!
Көмескілеу күндеріңді парақтап,
Кеудеңдегі көмулі...

Өлең жазу – тағдырыңа тым ауыр
Жылауың!
Жылау, жылау көз жасыңды сел қылып,
Жеткізбесе жеңді үміт.
Отыру бұл осыдан соң, оңаша
Терлеп тұрған терезеге телміріп,
Жаназаңды желдіріп...

Өлең жазу – дүниедей дәлізден
Миға сымас мән іздеу!
Қорқынышты қабірге енсең егер де
Қаламыңның ұшындағы қарызбен...

Өлең жазу – ажалыңды ұлықтап
Дат айту бұл у ұрттап!
Мәңгілікті мекен етіп жоғалу...
Ол жақ бірақ суықтау...

Өлең жазу – сағынышты сарғайған
Бетке түсіру... қан майдан.
Ақындардың ақыреті бұл да бір
Тұнып тұрған тарих қалса таңдайда...

P.S Негізінен Алла да ақын сияқты
Өлең – ғұмыр жазып берген маңдайға...

АЯҚТАЛМАҒАН ЖЫР...

Мен өзіңе жолыққаннан, соны ұқтым...
Кештеу айтсам, кешіре гөр...қорықтым.
Аспан түстес жанарымда қоңырқай
Жаңбырлы кеш толып тұр...

Сезімімнің сапарында тым ұзақ
Бақ іздеуші ем, бақтардан гүл үзіп ап.
Құс біткенмен көкке сіңіп, кеткенім...
Қайдасың деп, жылы жақ?!

Арманымның албырттығы сондағы,
Жылдарыма жеткізбеді жорғалы.
Мен іздейтін жылы мекен, тапқаным
Кеудеміздің сол жағы...

Өткен күннің өкінішін тұмшалап,
Балаң – қиял әлі жұлдыз жүр санап.
Сен дегенде жүрек мынау ұялшақ,
Ауызда анау тіл шолақ.

Қылығыма мейлі
қалқам, күл менің
Тұтқынымын сен
көтерген түрменің.
Өзіңе кеп, айтайын
деп, айта алмай
Көптен бері жүргенім...
Мен.....
Сені.....



АЛДЫМЕН ИМАН!

Балауыз шамның білтесі сынды
Күн өшті... Көктің іргесі іңірлі....
Табытқа танып таусылар бейуақ
Ғұмырың достым біл, бесігіңнің.

Дүре қамшының сабындай шолақ
Жалғанда жалқы жалындайсын – ақ.
Сәждеге емес, тау - тасқа тиген
Басыммен қалма жаның ойсырап!

Таңын - керуені тоналған көштің
Имансыз өткен обал ма бес күн?
О, дүниеге қайта оралар түбі
Фәниде бәрі оралман, достым.

Қияметтің қорқам сотынан, тоба
Күнәміз қалың қотыр арқада...
Құлқынның құлы көздің ұшында
Тозаққа барад отын арқалап...

Дүние думанның ез күйін білдік
Намазсыз күнім не істейін мұңлы?...
Таспикты санап біткенше, бітер
Бес күннен аспас бес тиын тірлік.

Пенденің жоқ қой шенінде бақыт..
Аллаға деген сенімді оятып,
Алдымен иман!... жолдасың болғай
Ал, мені достым кейін қоя тұр!

БАБА РУХЫМЕН МҰҢДАСУ
НЕМЕСЕ
ОДАҚТАС ОДА

Жүз жыл
өлмей
жүрер ем...
Иса Байзақов.



Ажалдан айығып
едің
Ғазалы ғайып
еренім....
Бұл тағдыр тайқы
маңдайдан
Кім білген тайып
өлерің?..

Тұлға едің – тұғырға ғашық
Текті ер ең...ұғымға аларсың:
Өмірмен өлшенбейді екен ғой
Ақындар ғұмырнамасы.

Бағзыдай ардақтым әлі
Жыр, ақын – жармақ құрбаны.
Баянсыз барады өтіп,
Жалғанды жалға ап тұрғаным.

Тағдырмен тағы ырылдасып
Таусылды тағылым да – азық.
Жүректе үмітке өлі жүр ме
Қара өлең қабірін қазып.

Қанымда – қанжылым қайғым,
Амал не? Жан жылынбайды.
Еске сап шейіт күндерді
Жұлдыздар сан жымыңдайды.

Беу, баба
Бұл күні ақынның
Басына мұң, күнә артылды.
Қызығып қарайсың кейде
Құлқына қылқына құлдың.

Өмірге – кесте бүрмелі
Көз тоймас – Ескендір ме еді?!
Пенденің бес күні күйлі –
Желісі бес желдірменің.

Атыңды алқалап әр күн
Сені іздейд шартарап аулы.
Басына қарайды бейуақ
Қара Ертіс қарт Алатаудың.

Жыр уын қалай ішпекпін?..
Ішермін..Қарай іш кепті.
Тағдырым таусылар бір күн
«Қырмызы – Жанай»* іспетті....

* Иса ақынның бітпей қалған поэмасы

Нұр күтер ақық таңнан
Бізде ортақ бақыт бар ма?
Сезімсіз сәттерменен
Жүрміз тек уақытты алдап.

Алдаймыз сүйеміз деп,
Қашқан ба кие бізден?
Содан соң, ит тірлікпен
Кетеміз сүйек іздеп.

Болмайды балдай бәрі,
Шаттықтың шалғайда әні.
Балдыз ғып алды мені
Жалғыздық маңдайдағы.

Арбалып жан құмарға
Сезімді сарқып алғам.
Аңсайды – ау ғашықтарын
Біз сынды жалқылар да.

Көздің де жасы гүлге
Тамады ғашығым деп...
Бақыттың осыншама
Ащы ма ед, басы мүлде.

Тоңғасын жан ызғардан
Біздерге тамыз да арман...
...Бармысың, шың махаббат
Шықпайтын аңыздардан?..

Бар болсаң, жүректі уат
Құдайдан қарызға алған.



○ АҚПАРАТ АЙДЫНЫ

«ҚАЗАҚИЯ» КӨПСЕРИАЛЫ МУЛЬТФИЛЬМІ

Шымкентте «Қазақия» атты көп сериялы анимациялық фильм жарық көрді. Қазір туындының 4 сериясы дайын. Балаларға базарлықтың басты кейіпкерлері – Қамшы қыз бен Асық жігіт. Олар түрлі қызықты оқиғаларға тап болады. «Қазақия» мультфильмінің желісі Сырдария жағасындағы Асқабақ ауылы мен оның тұрғындары туралы. Басты кейіпкерлер ретінде қазақтың қамшысы Кәмшат қыз бен Асық жігіт таңдалып алынған. Екеуінің бастан кешкен оқиғалары барысында қазақтың салт-дәстүрлері мен мақал-мәтелдерінің мән мағыналары ашып көрсетілген. Мәселен, бір сериясында «Көп түкірсе көл» деген сөздің терең астары айтылса, енді бір сериясында Наурыз мейрамы жайында толық ақпар береді.

Аниматорлар осылайша Асық пен Қамшы қыздың балалар үшін сүйікті кейіпкерлерге айналатынына сенімді. Екі жыл ішінде аниматорлар көп сериялы мультфильмнің төрт фильмін дайындап шығарды. Дегенмен, қиындықтар да жоқ емес деп отыр. Мәселен, бір сериясын жасап шығару үшін бірнеше ай уақыт кетеді екен. Сондай-ақ, 8 минуттық мультфильмнің өзіне 3 миллион теңгедей қаржы жұмсалыпты. Ал шығынды авторлар өз қалталарынан шығаруға мәжбүр. Өйткені, мемлекет тарапынан анимациялық туындылар шығаруға деген қолдау жеткіліксіз дейді олар.

– Ресейде 300 млн. АҚШ долларын бөліп отыр, жылына 300 млн. АҚШ долларын. Бұл – өте ойланатын мәселе. Ал Қытай мемлекеті шетелдің мультфильмдерін заң бойынша көрсетуге тыйым салды. Ал бізде, қазір барлық каналдарда, тіпті «Балапан» каналында да шетелдің мультфильмдеріне аударма жасаған. Ал ол дегеніміз біз шетелдің мәдениетін баланың санасына өте оңай сіңіріп жатырмыз дегенді білдіреді, – дейді режиссер Батырхан Дәуренбеков. Туындының экранға қашан жол тартатыны әзірге белгісіз. Десек те, кейбір отандық телеарналар қызығушылық танытып отыр екен. Қаржылық келісім болса, көрерменге ұсынылмақ.

<http://www.aorda.kz/>

ГҮЛ СЫЙЛАУДЫҢ СЫРЫ

Ерте заманда–ақ адамдар қырга жай–қалған гүлдерге назар аударған. Оларға ерекшеліктеріне қарай түрлі ат қойған. Қайсыбірін емдік шөп ретінде де пайдаланған. Рас, қандай гүл болмасын адамға жақсы жадыраңқы көңіл күй сыйлары белгілі. Енді қандай гүлді кімге сыйлауға болады, қандай қасиеттері барлығына тоқталалық.

Раушан

Бұл гүлдің түстері әр түрлі. Ағы да, қызылы да, күлгіні де тағы да басқа түстері жеткілікті. Ақ түс пәктікті, тазалықты, ақылдылықты білдіреді. Негізінен бозбалалар бойжеткендерге ұсынғаны жөн. Қызыл түс махаббаттың, сүйіспеншіліктің белгісі. Алқызыл түсті раушан нәзіктікті аңғартады.

Лилия

Ерте заманда Римде бұл гүл жетістіктің, байлықтың белгісі саналған. Сондан болар әлемге әйгілі атақты суретшілер өзге гүлді емес, осы гүлді кенепке салған. Тіпті тиындарға да осы гүл шекілген. Француз халқы да осы гүлді мәңгіліктің, бай-бақуаттың белгісі ретінде таныған.

Орхидея

Бұл гүлді қатты сүйетін, адамның жүрегін ерекше жаулап алған жандарға ғана сыйлауға болады. Орхидея байлықтың, ұлылықтың, табандылықтың белгісі ретінде саналады. Қытайлар бұл гүлді аманшылықтың, жемісті өмірдің мәні деп қараған. Сондай-ақ адамды жат ауралардан сақтайтын қасиеті бар деп те есептеген. Содан болар қытай ыдыс-аяқтары көбіне осы гүлмен безендірілген.

Қызғалдақ

Қызғалдақтың отаны – қазақ даласы. Бұл гүлдің түсі де сан түрлі. Ағы да, сарысы да, қызылы да бар. Соның ішінде қызылы махаббат белгісі ретінде саналады. Сары түс – бақыттың белгісі. Ақ тазалықты аңғартады.

Бақытгүл (Хризантема)

Қазақша бақытгүлі деп аталатын хризантеманың отаны – Жапония. Жапон экибаносында бұл гүл достықтың белгісі ретінде бейнеленеді. Сондай-ақ ақылдылықты, даналықты денсаулықтың мықтылығын сездіреді. Өзің сыйлайтын, сен үшін орны бөлек жанға осы гүлді ұялмай ұсынуға болады.

Темірлан Баязит

<http://www.aikyn.kz>

АДАМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚА ҚЫЗЫҚТЫ ФАКТІЛЕР

Өзімізді адам деп атап, сайран салып жүргенімізбен, өзіміз туралы білетініміз әлбетте аз. Ғалымдар айтпақшы, өмірдегі ең басты құпия – өзіміз. Олай болса, назарларыңызға адам туралы ең қызықты деген фактілерді жинап-теріп ұсынып отырмыз.

– Амбидекстр – екі қолымен де бірдей игере алатын адамдар. Жер бетіндегі барлық адамдардың тек 1 пайызы ғана осындай қабілетімен мақтана алады.

– Американдық салық кодексі 7 000 000 сөзден немесе 50 000 беттен тұрады. Бұл Лев Толстойдың атақты шығармасы "Соғыс пен Бейбітшіліктен" 4 есе көп.

– Адам миының сол жарты шары оң жарты шарға қарағанда 186 миллион нейронға (жүйке жасушалары) көбірек.

– Статистика бойынша, солақайлар оңқайларға қарағанда, 9 жыл кем өмір сүреді екен.

– 12 жасында комедия жанры актері Джон Клиздің бойы 180 сантиметр болған.

– Ғалымдардың зерттеулеріне сенетін болсақ, солақайлар көбіне математикаға, архитектураға икемді келеді. Ал оңқайлар көбіне тілдесуде дарынды.

– Абазиндердің ана тілінде (Кавказ халқының бірі) 65 дауыссыз дыбыс және тек 2 дауысты дыбыс кездеседі. Олар "а" және "ы" дыбыстары.

– Ең алғаш дауысты дыбыстарға әріптерді ойлап тапқан Гректер болып есептеледі. Содан соң, грек әліппесінен басқа халықтардың әліппесі құрастырылған.

– Американдықтар интернеттегі құмар ойынға жылына 6 000 000 000 доллар жұмсайды.

– Отырып жұмыс істейтін адамдар сағатына 100 калорий жұмсайды.

– Ересек адамның денесіндегі жүйке тамырларының ұзындығы 74 километрге жетеді.

– Әлемдегі ең үлкен зират Иракта орналасқан – Wadi-us-Salaam. Бұл жерге 5 миллионнан астам адам жерленген.

– 14 жасар Бобби Фишер 1958 жылы ең жас гроссмейстер атанған.

– Вольфганг Моцарт 4 жасында музыкалық туындыны жарты сағат ішінде жаттап ала алған.

– Вундеркинд Вильям Сидис 1909 жылы 11 жаста болған кезде, Гарвард университетіне оқуға түскен.

– Уинстон Черчилль Нобель сыйлығын бейбітшілік үшін емес, өзінің әдеби еңбектері үшін алды.

– Математика саласы бойынша ешкім Нобель сыйлығын алмаған. Себебі мұндай номинация жоқ.

– Бүгінгі уақытқа дейін бірде-бір әйел экономика саласы бойынша Нобель сыйлығын алмаған.

– "Madeleine"-әлемдегі ең қымбат шоколад. Оны Коннектикут штатындағы Фриц Книпшилдт атты аспазшы жасап шығарған.

– Әлемдегі ең алғаш кесек шоколадты 1842 жылы Ағылшын шоколад фабрикасы Cadbury шығарған.

– Атақты мафиоз Аль Капоне адам өлтіргені немесе басқа да ауыр қылмыс жасағаны үшін емес, салық төлемегені үшін абақтыға қамалды.

– Күніне бір қорап темекі шегетін адам жылына жарты кесе шайыр ішкен адаммен пара-пар.

– Адам – барлық жаратылыс ішіндегі тұзу сызық сыза алатын жалғыз сүтқоректі.

– Адамның өмір бойы өсірген шашы шамамен 725 шақырым болады.

– Сары шаштылардың сақалы қара шаштыларға қарағанда тез өседі.

– Күлген адамның 17 бұлшықеті жұмыс жасайды.

– Адам өкпесінің жалпы ауданы 100 шармы метр.

– Адам ДНҚ-сында шамамен 80 000 ген болады.

– Адам баласы әрбір саусағын өмір бойында 25 миллион рет бүгеді.

– Адам жүрегінің көлемі өзінің жүдырығындай болады. Ересектердің жүрегінің салмағы шамамен 220–260 грамм болады.

– Адам ағзасында бар-жоғы 4 минерал болады: апатит, арагонит, кальцит және кристобалит.

– Адам миының тәулігіне шығарған электр импульстері, әлемдегі барлық телефондардың шығаратын импульстерінен асып түседі.

– Адам бойында өмір сүретін бактериялардың жалпы салмағы 2 келі болады.

– Адам миында әрбір секунд сайын 100 000 реакция өтеді.

– Адам туылғанда тізесіндегі кесесі болмайды (чашка), ол 2-6 жас аралығында пайда болады.

– Адамның өкпесінің жалпы ауданы, теннис алаңының ауданымен шамалас.

– Кеңістік пен уақытты қабылдай алмау синдромы, ресми түрде "Алиса ғажайыптар өлемінде" (Алиса в стране чудес) аталады.

– Адамның ас ішегінің ұзындығы тірі кезінде 2,5 метр болса, жан тапсырғанда 6 метрге ұзарады.

– Адамның оң жақ өкпесіне сыятын ауа, сол жақ өкпеге сыятын ауадан біршама көп.

– Ересек адам күніне 23 000 рет тыныс алады.

– Адамның көзі 10 000 000 түсті ажырата алады.

– Еркектердің бойы 130 см-дан төмен болғанда ергежейлі саналса, әйел адам 120 см-ден төмен болғанда ергежейлі болып есептеледі.

– Адам дүниеге келгенде, миында 14 миллиард жасуша болады және бұл көрсеткіш өлгенше ұлғаймайды. Керісінше, 25 жастан кейін, күніне 100 мың жасушадан азайып отырады. Кітап бетін оқуға кеткен бір минут ішінде шамамен 70 жасуша өледі.

– Адам аузында шамамен 40 000 бактерия болады.

– Папафобия – ол (Рим) Папасынан қорқу!

– Ашық көзбен түсіру мүмкін емес.

– Адамның омыртқа жотасында 33 немесе 34 омыртқа болады.

– Адам ағзасындағы ең қуатты бұлшық ет – тіл.

– Адам денесінде 7 сабын жасауға болатын май қоры бар.

– Адам денесіндегі барлық сүйектердің жартысынан астамы дерлік табан мен білектен орналасқан.

– Адам өмірінде оның терісі шамамен 1000 рет ауысады.

– Адам қызарғанда, оның асқазаны да қызарады.

<http://massaget.kz>

○ АФОРИЗМДЕР

Көркем ағартушы, көрнекті ғалым, ақын, публицист, ұлт-азамтық қозғалысының көсемі, қазақ тілінің теориясын жасап, жетілдірген, жаңа оқу жүйесінің негізін қалаған ірі реформатор Ахмет Байтұрсынұлының өмірден түйген ойларын ұсынамыз.

~~~~~

Сөздің ең ұлысы – тарих!

~~~~~

Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз.

~~~~~

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

~~~~~

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.

~~~~~

Сөздің асыл болуы – ұнауынан.

~~~~~

Сөз қадірін білмесең – өлең оқып не керек.

~~~~~

Білімнің бас құралы – кітап.

~~~~~

Ғылым мен өнер көбейген сайын – бейнет кемиді.

~~~~~

Оқусыз халық қанша бай болса да – біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді.

~~~~~

Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті жұмсауға ес керек.

~~~~~

Жұрт жұмысын істеу – біздің қазақ балаларының әдетінде жоқ: ойынымыз – көп, әрекетіміз – аз.

~~~~~

Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.

~~~~~

Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, қатады – түсі қашып, өлік сияқты жатады. Күн жазыла бастағанда – жаз болады: бәрі жадырайды – жазылады, көгереді, көркейеді. Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.

~~~~~

Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

~~~~~

Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы – қазақ екіншісі – орыста.

~~~~~

Қазақ жері қазақтан кетпес еді – қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсақ.

~~~~~

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан: әйтпесе, бүгін тойғанына мәз болып, ертеңісін ұмытқан қазақ бүгін – жерін сатып тойып, ертең – тентіреп кетер еді.

~~~~~

Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адассандар – арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің бал-сауабына сіздер қаласыздар.

~~~~~

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!

~~~~~

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

~~~~~

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

[www.adebiet.kz](http://www.adebiet.kz)





О АЛАМАН ДОДА

**XXX ЛЕТНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ В ЛОНДОНЕ – САМЫЕ УСПЕШНЫЕ В 20-ЛЕТНЕЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.**

**КАЗАХСТАН ЗАНЯЛ 12-ОЕ МЕСТО В МЕДАЛЬНОМ ЗАЧЕТЕ ПО ИТОГАМ ОЛИМПИАДЫ!**

**КАЗАХСТАНСКИЕ ОЛИМПИЙЦЫ ЗАВОЕВАЛИ СЕМЬ ЗОЛОТЫХ, ОДНУ СЕРЕБРЯНУЮ И ПЯТЬ БРОНЗОВЫХ МЕДАЛЕЙ!**

**Ольга РЫПАНОВА.**  
Легкая атлетика.  
Тройной прыжок.  
Казахстанская прыгунья  
«улетела» дальше всех –  
на 14,98 м.

**Серик САПИЕВ.** Бокс (до 69 кг).  
Серик – лучший боксер Лондонского  
турнира! По итогам Олимпиады  
ему был вручен Кубок Вэла  
Баркера – приз самому техничному  
боксеру Олимпийских игр. В финале  
олимпийского турнира Серик одолел  
британского боксера Фредди Эванса,  
которому помогали родные стены.

**КАЗАХСТАН - ПЕРВЫЙ -**  
**в медальном зачете Олимпиады среди**  
**стран Центральной Азии!**  
**ПЕРВЫЙ - среди мусульманских стран!**  
**ВТОРОЙ - среди стран СНГ!**  
**ЧЕТВЕРТЫЙ - среди азиатских стран!**  
**ЧЕТВЕРТЫЙ - по количеству**  
**установленных рекордов!**

**Майя МАНЕЗА.**  
Тяжелая атлетика  
(до 63 кг). Итоговый  
результат – 245  
кг. (110 + 135):  
олимпийский  
рекорд!

Обладатель серебряной медали Олимпиады-2012 –  
Адилбек Ниязымбетов (бокс).

Обладатели бронзовых медалей XXX Олимпийских  
игр: Даниял Гаджиев (греко-римская борьба); Марина  
Вольнова (бокс); Иван Дычко (бокс); Гюзель Манюрова  
(вольная борьба); Акжурек Танатаров (вольная борьба).

**Светлана ПОДОБЕДОВА.**  
Тяжелая атлетика (до 75 кг).  
Наша спортсменка завоевала  
«золото» с олимпийским  
рекордом в толчке: 161 кг.

**Илья ИЛЬИН.** Тяжелая атлетика (до 94 кг).  
Олимпиада в Лондоне – настоящий триумф  
казахстанского батыра. У Ильи – сразу 2  
мировых рекорда: 233 кг в толчке и 418 кг в  
сумме двоеборья!

**Зульфия ЧИНШАНЛО.** Тяжелая атлетика (до  
53 кг). 19-летняя спортсменка из Казахстана  
установила олимпийский рекорд: 226 кг в  
сумме двоеборья (95 + 131)!

**Александр ВИНУКОВ.** Велоспорт. Олимпиада  
в Лондоне – лебединая песня всемирно  
известного «Вино». медаль в Лондоне  
стала для 38-летнего спортсмена первым  
олимпийским «золотом» в карьере.

Редактор  
Н.А. Байгенжеев  
Тілшілер  
Ж. Елешова  
Д. Ларионов  
Р. Торпицева  
Фото тілші  
М. Тоқанов  
Көркемдеуші-беттеуші  
Н. Яницкая

Құрылтайшы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Ақылдастар алқасы:  
С.М. Әмірбаев  
Р.Ж. Қадысова  
Ж.Т. Сарбалаев  
Қ.М. Алдабергенов  
М.М. Омаров  
А.Ж. Құдабаев  
Г.Н. Кенжебалина

Газет Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім  
министрлігінде тіркеліп,  
№ 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001)  
Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің  
“Білік” газеті редакциясының компьютерлік  
орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 1500 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі»  
ЖШС баспаханасында басылды.  
Павлодар қ., Ленин к., 143 үй  
тел.: 61-80-26.

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64,  
427А - кабинет.  
Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы ав-  
тор пікірі редакцияның көзқарасын  
білдірмейді. Редакцияға түскен  
қолжазба қайтарылмайды, үш  
компьютерлік беттен асатын матери-  
алдар қабылданбайды.

Тапсырыс № 1678